

ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРҒЫ ЖӘНЕ ОРТА
АРНАУЛЫ БІЛІМДЕНДІРУ МИНИСТРЛІГІ

ӘЖІНИЯЗ АТЫНДАҒЫ НӨКІС МЕМЛЕКЕТТІК
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ

ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТІ КАФЕДРАСЫ

Жумағулова Зибакан
БІТІРУ-МАМАНДЫҚ ЖҰМЫСЫ

Жұмыстың тақырыбы:

«Ежелгі дәуір әдебиет үлгілерін мектепте оқыту»

Ғылыми жетекші:

ф.и.к. С.Матякупов
аға оқ. Ғ.Мамбеткаримов.

Кафедра меңгерушісі:

ф.ғ.к. Құдьярова Ш

Нөкіс-2012

КІРІСПЕ

I ТАРАУ

Орта мектепте ежелгі дәуір әдебиеті үлгілерін оқытудың тиімді жолдары

II ТАРАУ

8 – сыныпта «Қорқыт ата» жырларын «Алпамыс батыр» жырымен салыстыра оқыту

III ТАРАУ

Ежелгі дәуір әдебиеті үлгілерінің тәрбиелік мәнін үйрету

Қорытынды

Пайдаланылған әдебиеттер

АВТОРДЫҢ АННОТАЦИЯСЫ

Тақырыптың актуальдығы: Қазақ әдебиеті-өнердің басқа салалары секілді өте ерте заманнан бері жасап келе жатқан халықтың сан-салалы туындыларынан тұратын асыл қазыналы сөз өнері, рухани байлық. Оның өз өсу жол, даму кезеңдері бар, ол сонау көне заманнан басталады. Біз зерттегелі отырған тақырып сол қазақ әдебиеті тарихының беташар бастау көзі болған – Ежелгі дәуір әдебиеті. Жоғалтқанымыз табылып, өшкеніміз қайта маздап жаңа тәуелсіз заманға қол жеткізген кезеңде осындай тақырыпты ұрпақ санасына сіндіру, әрине көкейтесті мәселе. Сондықтан біз ежелгі дәуір әдебиеті үлгілерін орта мектепте оқыту мәселесін таңдаған болатынбыз.

Жұмыстың мақсаты мен міндеттер: Бітіру мамандық жұмысымызда орта мектепте ежелгі дәуір әдебиеті үлгілерін оқытудың тиімді жолдары туралы пікірлерімізді айтуды мақсат еттік. Бұл бағдарда орта мектеп бағдарламаларына енген ежелгі дәуір әдебиеті үлгілерін жеке тарауларға бөліп, ерекшеліктерін жан-жақты қарастыру міндетін қойып, осы мәселелерге ғылыми баға беруді көздедік.

Зерттеу методикасы, әдістері: Мамандық жұмысын жазу барысында біз салыстырмалы әдісті қолдана отырып, ежелгі дәуір әдебиеті үлгілерінің көркемдігін зерттеуде негізінен ғылыми әдісті пайдаланып, «Қорқыт ата кітабы», «Оғызнаме» жыры т.б. шығармалардан нақтылы мысалдар үлгісінде анализдедік. Кейбір шығармалардың танымдық-тәрбиелік маңызын көрсетіп, бір сағаттық тәрбие сабағының әдістемелік үлгісін ұсындық.

Зерттеу нәтижелерінің ғылыми жаңалықтары: Ежелгі дәуір әдебиеті үлгілері жайлы қазақ әдебиеттануында ғылыми еңбектер, зерттеулер баршылық, көп пікірлер айтылған, бірақ оны орта мектепте

оқыту мәселесі тәуелсіздікке қол жеткізген жылдардан бері қарай қолға алынған тың тақырып десек қателеспейміз. Себебі ежелгі дәуір әдебиеті үлгілері жайлы жаңаша тұрғыдан зерттеу тың тұжырымдар айту ХХ ғасырдың аяғында қолға алынды. Мұның саяси - әлеуметтік салғырттықтары да жоқ емес, оған әдебиетші ғалымдар пікіріне сүйене отырып ғылыми баға беруді зерттеу барысында сөз еттік. Жалпы ежелгі әдебиет үлгілеріне ғылыми – методикалық зерттеу жасап жақсы нәтижеге ерістік деген ойдамыз.

Зерттеу нәтижелерінің практикалық маңызы мен ұсынысы: Ежелгі дәуір әдебиеті үлгілері туралы зерттелген біздің жұмысымыздағы тұжырымды ой-пікірлерді басшылыққа ала отырып, жалпы білім беретін мектептерде өтілетін қазақ әдебиеті сабағында практикалық жақтан пайдалануға болады деген ойдамыз.

Жұмыстың құрылысы мен ізбе-ізділігі: Жұмыс кіріспе бөлім, қорытынды және пайдаланатын әдебиеттер тізімінен өзге негізгі бөлімнің үлкен үш тарауынан тұрады. Жұмыс қажетті әдебиеттерге сүйене отырып, ізбе-ізділікпен жазылды. Пайдаланған әдебиеттердің библиографиясы жасалып, зерттеушілердің айтқан пікірлері мен ғылыми тұжырымдарына сілтеме беріліп барылды.

Ғылыми басшы: _____ ***МАМБЕТКАРИМОВ Ғ.***

Студент: _____ ***ЖУМАГУЛОВА З.***

К І Р І С П Е

Президентіміз И.А.Каримовтың: «Миллат уйғониш жараёнини бошидан кечираётган бир пайтда ўз миллий қадриятларини умуминсоний қадриятлар билан боғлиқ ҳолда ҳис қилиши лозим» (1-21), - деп атап өткеніндей қазақ халқының көркем сөз өнері бүгінгі дәрежесіне жету үшін сан ғасырлық тар жол, тайғақ кешулерден, қиын қыстау асулардан, зар замандардан өтті. Қай халықтың болмасын әдебиет тарихы ең алдымен сол халықтың қоғамдық-әлеуметтік тарихымен тығыз байланысты болып келеді. Қазақ елінің ежелден қалыптасқан, сан қырлы әрі бай рухани мәдениетінің маңызды бір саласы-қазақ әдебиеті болып табылады. Әдебиет тарихы-әдебиеттану ғылымының құрамдас негізгі бір бөлімі екені мәлім. Әдебиет тарихы пәні әрбір халықтың дамуындағы идеялық бағыт-бағдарларды, әдеби ағымдарды және олардың көркемдік ерекшеліктерін сол халықтың қоғамдық-экономикалық құрылысымен байланысты түрде танып біледі. Қазақ әдебиеті тарихы-қазақ халқының қадым замандардан бастап, бүгінгі күнге дейін жасаған көркем әдебиет туындыларын қамтиды. Қазақ халқының құрылуына негіз болған этникалық процестер-түп тамыры ежелгі заманнан, алғашқы қауымдық құрылыс ыдырап, таптық қатынастар туа бастаған заманнан басталғаны тарихтан мәлім.

Бергін келе қазақ халқының құрылуына негіз болған ру тайпалар көне замандардан-ақ қазіргі Қазақтанды, Орта Азияны, оңтүстік-шығыс Сібірді, Орталық Азияны, Еділ бойы мен Каспий жағалауларын мекен еткен.

Қазақ әдебиетінің түп-тамыры сонау VII-VIII ғасырлардан басталатындығын біз білеміз. Ежелгі қазақ әдебиетінің тарихын дұрыс жүйелеу үшін ең алдымен мына екі мәселені ескеру шарт: біріншіден қазақ халқының қалыптасып, тарихи кезеңдеріне ықпал еткен әлеуметтік факторларды жете білу керек. Екіншіден көркем әдебиеттің қоғамдық-

эстетикалық мәні мен қызметінің өсу, жетім түсу сатыларын, түрлі әдеби ағымдар арасында күрес тарихын, әдеби жанрлар мен әдеби тәсілдердің даму кезеңдерін танып-білу керек. Белгілі ғалым Б.Кенжебаев қазақ халқының бұрын-соңды әдебиетін кезеңдерге бөліп, жүйелеп қарастырғанда ежелгі әдебиет VII-XIV ғасырлар арасын қамтиды деп көрсетеді. Бұл қазақ ру-тайпаларының ежелгі ру, ұлыс дәуіріндегі әдебиет. Қазақ әдебиетінің бастамасы болған көне түркі дәуірін сөз етуден бұрын бертін келе қазақ халқын құраған тайпалық бірлестіктердің тұрмыс-тіршілігі, әлеуметтік өмірі жайында бірер сөз айта кетелік. Орталық Азиядағы көптеген тайпалық одақтардан бірігіп пайда болған осындай ежелгі феодалдық мемлекеттердің бірі Түрік қағандығы еді.

Бұл қағандыққа енген тайпалар алғашқы кезде Алтай мен Жетісудың бір бөлігін мекендеді. Түріктердің алғашқы көсемдерінің бірі Бумын қаған болды. Оның билік жүргізген кезінде көптеген көрші елдер түрік өкіметіне бағынды. Қағандықтың ордасы Орхон өзенінің жоғарғы сағасында болды.

Осы дәуір тарихын суреттейтін ескерткіштер Енесей, Орхон және Талас ескерткіштері. Орхон ескерткішінде Елтеріс (Құтлығ қаған), Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк, Бумын, Естеми (Естіми) қағандардың жорықтары билігі жырланады. Түркі тіліндегі тас жазу сол тілде сөйлейтін халықтардың ғана емес, бүкіл адамзат мәдениетінің тарихына қосылған көненің көзі, мұрасы болып табылады.

Қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Омарханұлы Әуезов тасқа жазылған ескерткіштерді «эпостық баяндау мәнді» жазбалар деген-ді. Демек, кейін қазақ халқына мирас болған жоқтау, естірту, барлық эпостық дәстүр – алғашқы жазу, осы қағанат кезінен қалған деп толық айта аламыз.

Түрік қағанаты тарихының алғашқы кезеңінде-ақ көне түрік таңбаларына ру симфолдарына ұқсас болып келетін түріктердің өз жазуы өмірге келді. Бұл жазу 38 таңбадан тұрды.

Ең бастысы - бұл жазу түрік тілінің фонетикалық ерекшеліктерін катесіз жеткізуге мүмкіндік берді.

Осы көне түрік жазуы бертін келе тіл тарихында «Руна» жазуы деп аталып кетті.

Руна жазумен жазылған эпиграфиялық ескерткіштердің ішінде, әсіресе түркі қағандары Білге қағанның, Күлтегіннің, Тоныкөктің басына қойылған құлпытастарға өте мәнерлі жазу қолданған. Бұларды тасқа жазылған кітап деуге әбден болады.

Демек, түркі қағанатының кезінен бері қарай сақталып келген әр түрлі жазба ескерткіштердің Орта Азия мен Қазақстан халықтарының тіл тарихы мен әдебиет тарихы үшін маңызы бар. Әсіресе, «Күлтегін», «Қорқыт ата кітабы», «Оғызнама», «Кұдатғу білік», «Диуани лұғат ат-түрік» кітаптарының маңызын атап өту орынды. Бұлар – қазіргі көп халықтарға ортақ әлемдік маңызы бар ескерткіштер.

Бұл ескерткіштердің әдебиетке жанасатын жері де аз емес. Әсіресе, Махмуд Қашқаридың «Лұғатында» келетін мақал-мәтелдердің бүгінгі қазақ мақал-мәтелдеріне ұқсатығын көруге болады. Аталған ескерткіштерде ауыз әдебиетінің ескі үлгілері көп ұшырайды. Тіпті, ертедегі өлең, жыр, ертегі, аңыздар, жоқтау, мақал, мәтел, жұмбақ, мақтаулар Орхон жазуларындағы ескерткіштерде аз кездеспейді.

Ауыз әдебиетінің мұндай түрлерінің ертедегі жазба ескерткіштерден орын алуының өзі бір жағынан сол ескерткіштердің әдебиет тарихы үшін қажеттілігін ескертсе, екінші жағынан әдебиеттің халық өміріне байланысы тым әріде жатқанын танытады.

Ежелгі дәуір әдебиетінің ең елеулі үлгілерінің бірі болып табылатын «Қорқыт ата кітабына» енген он екі жыр – түркі тектес халықтардың ежелгі тарихын, байырғы тұрмысын, әдет-ғұрпын, салт-санасын, ақындық дәстүрін көрсететін эпикалық, әрі тарихи мұра.

Қорқыт ата хикаясы – VII-VIII ғасырларда ырдария бойын мекен еткен оғыз-қыпшақ тайпалары арасында туып, сан ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа тараған, рухани қазына ретінде бүгінгі күнге дейін өзінің әдебі, тарихы, этнографиялық т.б. мәнін жоймаған, аса құнды шығарма. Біздің дәуірімізге дейін «Қорқыт ата кітабының» екі қолжазба нұсқасы сақталып келген. Ол Германиядағы Дрезден қалалық кітапхананың сирек кездесетін қолжазбалар қорында сақтаулы тұр.

«Қорқыт ата кітабында» сюжеті жағынан қазақ эпосымен үндес болып келетін сарындар көп кездеседі. Әсіресе бір балаға зар болған әке-шешенің мүшкіл халі жөніндегі хикаялар жиі ұшырайды.

Міне «Қорқыт ата кітабының» бірінші хикаясы-Дерсеханұлы Бұқаш туралы жыр осындай сюжетке құрылған. «Қорқыт ата кітабында» осындай 12 жыр-әңгіме бір желіге біріктіріліп, үлкен эпопея жасалған.

Тегінде «Қорқыт ата кітабындағы» 12 жырдың әрқайсысы кезінде өз алдына дербес, жеке-жеке дастандар күйінде өмірге келген болса керек.

Қорқыт ата есімімен байланысты бұл жырлар кейінірек жинақталып, белгілі бір жүйеге келтірілген секілді. Бұны жырлардың композициялық құрылымдарынан байқауға болады. Мысалы, 8-жырда Тобекөздің қолынан қаза тапқан кейбір қаһармандар, кейінгі хикаяларда, мысалы 11-жырда Қазанбекті тұтқыннан құтқарады.

«Қорқыт ата кітабы» ғажайып эпитеттерге, теңеулерге, қанатты сөздерге, мақал-мәтелдерге мейлінше бай. Мысалы, «Жауға тау қырындай қарсы шабады», «бар жігіттің арқасы, бар ұлыстың үміті, Түркістанның тірегі, таулы құстың ұрпағы, Қарашықтың қабыланы».

Ой атасы Қорқыт айтқан мақал-мәтелдер, қанатты сөздер, ұтымды фразеологиялық тіркестер ғасырлар бойында онша өзгеріске ұшырамай, сол күйінде сақталып келген. Мысалы, жер қадірін ел біледі, ел қадірін ер

біледі. Құлан құдыққа түссе, құрбақа құлағында ойнайды. Ежелгі жау ел болмас, ескі мақта жіп болмас т.б.

Демек, «Қорқыт ата кітабының» өзі философиялық, тәрбиелік мән-мағынасын ешқашанда жоймайтын қайта уақыт өткен сайын, құлпырып, ажарлана түсетін өсиет-нақыл сөздерге өте бай.

Түркі тектес халықтардың ежелгі шежіресін аңыздар негізінде көркем тілмен баяндайтын шығармалардың бірі – «Оғыз-наме».

«Оғыз-наме» көркем қара сөз, яғни проза түрінде жазылған шығарма. Әйтсе де оның әдеттегі прозалық шығармалардан өзіндік ерекшелігі бар. Мұнда қара сөздің өзі белгілі бір ырғаққа, сөздің ішкі ұйқасына бағынатын сияқты. Мұны кезінде шежірелер әуезді жүйеге салып түрлі-түрлі мақаммен жыр сияқты етіп оқитын болған. Сол себепті Оғыз батыр жайындағы хикая-аңызды кейде «Оғыз-жыры» немесе «Оғыз батыр дастаны» деп те атайды.

«Оғыз-намеде» негізінен Оғыз қағанының әскери жорықтары, батырдың қан майдан соғыстағы ерлік істері мадақталады.

«Оғыз-намеде» негізінен Оғыз қағанның әскери жорықтары, батырдың қан майдан соғыстағы ерлік істері мадақталады. Шығарманың негізгі идеясы-елді ауыз бірлікке, ерлікке, адамгершілікке үндеу, халықты сыртқы жауға қарсы күреске шақыру.

Оғыздар-ертедегі түркі тайпаларының бірі. Олар көбінесе дерлік Сырдарияның төменгі ағысы мен Қаратау бөктерін мекендеген. Ұзақ жылдар бойы көршілес тайпалармен соғысып, Арал теңізінің батысы мен Каспий теңізінің солтүстік жағалауын өздеріне қаратып алады. Кенгар-печенек бірлестіктеріне қарсы ІХ-Х ғасырда жүргізілген осы соғыстың оқиғалары «Оғыз-наменің» сюжеттік желісіне негіз болған.

Бұл көркем туындының ауызша тараған варианттары негізінде кейінірек қайта жазылған екі түрлі нұсқасы бар. Бірі-ұйғыр әрпімен

көшіріліп жазылған. Бұл нұсқа Париждің ұлттық кітапханасының қорында сақталған. Екінші араб әрпімен жазылған нұсқасының авторы-атақты тарихшы белгілі әскери қолбасшы, Хиуаның ханы Әбілғазы.

«Оғыз-наменің» композициялық құрылысы Күлтегін жырына өте ұқсас. Жыр қырықтан астам циклдан тұрады. Әр бір цикл үш элементті қамтиды. Олар оқиғаның басталуы, оқиға желісінің ұлғайып, өрістеуі, оқиғаның түйіні, қорытынды. «Оғыз-наме» авторф әрбір сөзді ажарлап, құбылтып, айшықтап қолданады. Тұрақты сөз тіркестерін, мақал-мәтелдерді қолдануға шебер. Көркемдеу әдістері жағынан «Оғыз-наме» батырлар жырына ұқсас болып келеді. Бір сөзбен айтқанда, «Оғыз-наме» - генеологиялық аңыздар негізінде жазылған, қазіргі түркі тілдес халықтардың ежелгі тарихынан едәуір мағлұмат беретін, көркемдік дәрежесі биік, эпостық туынды.

Ежелгі әдебиет нұсқаларының ішінде әлемдік деңгейдегі ғұлама-ғалымдар да кездеседі. Әбу Насыр әл-Фараби–осындай дүние жүзілік мәдениет пен білімнің Аристотельден кейінгі екінші ұстазы атанған данышпан, философ, энциклопедист ғалым, әдебиетші, ақын. Әл-Фарабидің толық аты-жөні: Мұхаммед ибн Мұхаммед узлағ Тархани деп жазылатын болған. Тархан сөзі: 1. Түркі тектес ру-тайпа. 2. Ата-бабасы дәулетті, атақты кісілер. Ғұлама ақын ретінде әл-Фараби ат салыспаған, зерттеу жүргізбеген ғылым саласы жоқ деуге болады. Ол философия, логика, математика, астрономия, медицина, музыка, тіл білімі, әдебиет теориясы т.б. ғылым салалары бойынша көп ғылыми еңбектер жазды.

Фараби әдебиет теориясымен жан-жақты шұғылданатын ғалым. «Өлең және ұйқас туралы сөз» деген шығармалары болған. Сондай-ақ Фараби еңбектерінің тізімінде оның «Өлең ырғағы туралы», «Ырғақ пен өлең туралы сөз» және «Поэзия өнерінің негіздері туралы трактат» деп аталатын зерттеулері болғаны көрсетіледі.

Соңғы жылдары Әл-Фарабидің бұрын ғылымға белгісіз болып келген құнды бір шығармасы Братислава университетінің кітапханасынан табылады. Арабша жазылған бұл ғылыми еңбек Арабша жазылған еңбек «Өлең кітабы» деп аталады.

Әл-Фарабиді өлең табиғатын терең зерттеуші ғұлама ғалым ретінде танытатын шығармалардың бірі-«Өлең өнерінің қағидалары туралы трактат» болып табылады.

Мұны Лондондағы үнді диуани кітапханасынан белгілі Шығыстанушы-ғалым Артур Арбери 1937 жылы тапқан болатын. Сондай-ақ ол аталған шығармада ақынды үш топқа бөліп қарастырады, әрбір топқа өзінше сипаттама береді. 1-топқа Фараби табиғи дарыны мол, тамаша теңеулер табуға мейлінше бейім, бірақ өлең өнерінің сын-сипатымен, яғни теориясымен онша таным емес ақындарды жатқызады. 2-топтағылар өлең өнерімен толық таныс ақындар, олар өлең жазу қағидасына да, бейнелеу құралдарын қолдануға да шебер болуы керек. 3-топтағылар жоғарыда аталған екі ақындық топқа еліктеушілер деуге болады. Бұлардың әлі өзіндік жазу мәнері толық қалыптасқан емес.

Әл-Фараби өлеңдерінің негізгі тақырыбы- өмірдің мән-мағынасы жайлы толғау, оқу мен білімді мадақтау. адамгершілікке шақыру. Осылайша ұлы ғұлама ақын атамыздың есімі мәңгі жасай бермек. Оның ұрпақтары Фараби шығармаларының сырын жан-жақты аша түспек.

Ежелгі әдебиет нұсқаларының ішінде әл-Фараби секілді әлемдік деңгейдегі ғұлама-ғалымдардың бірі – Жүсіп Хас Хажиб Баласағұн . Ол XI ғасырдың аса көрнекті ақыны, есімі күллі шығыс елдерін мәлім болған данышпан ойшыл, энциклопедист ғалым, белгілі қоғам қайраткері. Жүсіптің есімін әлемдік әдебиет тарихына мәңгілікке өшпестей етіп жазып қалдырған бірден-бір әдеби мұрасы- «Құтадғу біліг» (Құтты білім) дастаны. Бұл дастан қазіргі түркі тілдес халықтардың орта ғасырдағы

тарихи, қоғамдық саяси-өмірі, ғылымы, әдебиеті мен мәдени дәрежесі, әдет-ғұрпы, наным-сенімі т.б. жөнінде аса қызықты, әрі қыруар мол деректер беретін көркем туынды. «Құтадғу біліг» дастаны ақынның көзі тірі кезінде-ақ кеңінен тарап, түркі тілінде жазылған ең жақсы кітап саналады. Бұл шығарма әр елде әр түрлі атпен аталады. «Құтадғу біліг» дастанының бүгінгі күнге дейін сақталып жеткен үш нұсқасы бар: Вена нұсқасы, Каир нұсқасы, Наманган нұсқасы.

«Құтадғу білігте» автор метафора, аллегория, гипербола, астарлап сөйлеу сияқты көріктеу құралдарын білгірлікпен пайдаланып отырған.

Дастанда әсіресе мал бағумен айналысатын ру, тайпалардың күнделікті тұрмыс-тіршілігіне қатысты афоризмдер, бейнелі сөздер, теңеулер көп ұшырасады.

«Құтадғу біліг» Орта ғасыр түріктерінің таңдаулы мұрасы. Ол қазіргі қазақ әдеби тілінің негізін, әдебиеттік ескі арнамыздың көзін танытатын маңызды көркем шығарма.

VII ғасырда ислам дінін зорлап тарату мәселесі басталғаны мәлім. Соған қарамастан Қазақстан аймағын мекен еткен тайпалар мен халықтар арасында көкті. Күнді, отты құдай тұтынып, табиғат құбылыстарына сыйыну X-XII ғасырларда да кеңнен орын алып келді. Орта Азияның дін орталықтары «дінсіздерді» исламға тарту мақсатымен Қазақстан жеріне шайхылар дайындап жіберіп отырды. Міне, осындай миссионерлердің бірі Қожа Ахмет Яссауи еді. Ол сол кезде кең тараған «Жахрия» немесе «Яссауишілік» деп аталатын сопылық-мистикалық ағымның негізін қалады. Ахмет Яссауидің «Диуани Хикмет» («Даналық кітабы») деп аталатын өлеңдер жинағы негізінен осындай діни мақсатта жазылған. «Диуани хикмет»-түркі тілді халықтардың XII ғасырдан сақталған әдеби ескерткіштерінің бірі болып саналады. Бұл өлеңдер жинағы қазақ әдебиетінің де орта ғасырлық нұсқасы болып табылды.

«Диуани хикметте» негізінен төрт нәрсе мадақталады. Олар «Шариғат», «Тариқат», «Маърифат», «Ақиқат». Хикметтің түпнұсқасы сақталмаған. Оның тек XV-XVII ғасырлардағы көшірмелері ғана бізге жетіп, XVII ғасырдың орта шенінде басылып жарияланды.

Біз мамандық бітіру жұмысымызда «Ежелгі дәуір әдебиет үлгілерін мектепте оқыту» тақырыбын таңдағанымыздан негізгі мақсат сан ғасырлық бүкіл тарих дамуы туғызған өткендегі мәдени және әдеби мұраларымызды жастарға өнеге ету, олардың тәлім-тәрбиелік мәнін жан-жақты ашып түсіндіру.

Ежелгі дәуір әдебиеті жайлы орта мектептің 5-8-сынып әдебиет оқулықтарында аз-кем мағлұматтар берілген. Оларды жан-жақты мысалдармен толық қамтып түсіндіру мұғалімнің міндеті. Мәселен, 5-сыныпта Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанынан қысқа үзінділер берілген. Әрине, оқытушы мұны оқытқанда 5-сынып оқушыларының ақыл-ойына сай деңгейде болуын ескеруі шарт. Оларға дастан жайлы толық мәлімет беріп кетсе, мұны оқушы өздеріне қабыл қыла алмайды. Дастан туралы толық мағлұматты 8-сыныпқа барғанда берген орынды деп ойлаймыз. 8-сыныптың әдебиетоқулығында сонау VI-VII ғасырларда тасқа жазылған дастандардан «Күлтегін» дастаны, оннан бері келе «Қорқыт ата туралы ақиқат пен аңыз», «Қорқыт ата кітабы», «Қорқыттың нақыл сөздері», Абу Насыр әл-Фарабидің өлеңдері, Махмұт Қашқаридің «Девонилұғат ит-түрк» еңбегі, сондай-ақ Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанынан үзінділер берілген. Оқу бағдарламасында ежелгі дәуір әдебиет үлгілерін оқытуға жалпы 9 сағат ажыратылған.

Оқулықта берілген үзінділерден тыс көбірек түсінік беру әрбір оқытушының шеберлігіне байланысты. Біз өзіміздің бітіру мамандық жұмысымызда жаңаша әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, ежелгі дәуір

әдебиеті үлгілерін оқытудың кейбір методтарын көрсетуді өз алдымызға міндет етіп қойдық.

Жұмыстың кіріспе бөлімінде ежелгі дәуір әдебиеті үлгілері туралы жалпы мәліметтерге тоқталып, негізгі бөлімнің бірінші тарауында ежелгі дәуір әдебиеті үлгілерін жалпы білім беретін орта мектептердің 5-8-сыныптарында оқытудың тиімді жолдарын қарастырып, екінші тарауда 8-сыныпта «Қорқыт ата» жырын «Алпамыс батыр» жырымен салыстыра оқыту арқылы бұл екі жырдың бір-біріне ұқсастықтары мен айырмашылықтары, кейіпкерлер әлемі мен сюжеттік-композициялық желістерінің өрбуі туралы ерекшеліктерді жан-жақты қарастырып, нақтылы мысалдар келтіре отырып оқыту ұсылдарын қарастырмақпыз.

Сондай-ақ, үшінші тарауда ежелгі дәуір әдебиеті үлгілерінің мектеп оқушыларына, жалпы жастарға тәрбиелік-танымдық мәнін ұғындыруды негізгі мақсат етіп қойдық. Бұл саладағы зерттеуіміз жалпы ұрпқ тәрбиесімен айналысатын мектеп оқытушыларының азда болса пайдасына жараса, методикалық қолданба ретінде көмектесе өзімізді бақытты санар едік.

I ТАРАУ

Орта мектепте ежелгі дәуір әдебиеті үлгілерін оқытудың тиімді жолдары

*«Ақыл –шырақ, қара түнді ашатын,
Білім - жарық, нұрын саған шашатын»*

(Жүсіп Баласағұн)

Оқулық - мемлекеттік білімдендіру стандартында белгіленген негізгі оқу материалдарын қамтыған, оқушының еркін өздестіруіне, оларда көндікпелер мен ұқыптылықты қалыптастыруға, керекті оқу материалын өздігінен іздеуе, табуға, оны күнделікті практикада қолдануды үйрету және шығармашылық қабілеттерді дамытуға, жастардың мәлім бір тәрбиелік сипаттарын қалыптастыруға бағдарланады.

Қазіргі заман оқулығы төмендегідей сипатқа ие болуы керек:

1. Оқушыларды белсенді болуға, сындық тұрғыдан пікірлеуге үндеуі;
2. Тек теориялық білім берумен шектелмеушілік;
3. Практикалық көндікпелерді қалыптастырушы проблемалы сұрақтар, жаттығулар және шығармашылық тапсырмалар берілуі;
4. Оқушыны білімін өздігінен бағалауға, өз бетінше білім алуға қолайлықтар жарату;
5. Оқу материалы анық мақсат пен міндеттерге бағдарлануы қажет. Мазмұн дәлелдерден үлгілерге, үлгілерден ойлауға, ойлаудан ізденуге, ізденуден күнделікті қолдануға, абстракт ғылыми білімнен анық кәсіптік білімге, білімнен күнделікті тұрмыста қолдануға, көндікпеге өтуін қамтамасыз ету.

Шығармашылық қабілеттерді дамытуға, жастардың мәлім бір тәрбиелік сипаттарын қалыптастыруға бағдарлайтын әрине, әдебиет оқулықтары болып есептеледі.

5-сынып әдебиет оқулығында оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, олардың мәлім бір тәрбиелік сипаттарын қалыптастыруға бағдарланған материал ретінде ежелгі дәуір әдебиеті үлгілерінен «Асыл мұра» айдарымен Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» кітабы, Кайковустың «Қабуснама» шығармасы берілсе, 8-сынып әдебиет оқулығында тасқа жазылған дастандардан «Күлтегін» жыры, «Қорқыт ата кітабынан» үзінділер және Әбу Насыр әл-Фараби, Махмұд Қашқари, Жүсіп Баласағұн шығармаларынан көркем мәтінді нұсқалар берілген.

5-сынып әдебиет оқулығындағы ежелгі дәуір әдебиеті үлгілерінен «Асыл мұра» айдарымен Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» кітабынан «Білім – қазына екендігі туралы», «Ақыл, білім туралы» атты үзінділер берілген.

Ежелгі дәуір әдебиеті үлгілерін кеше ғана бастауыш сынып партасында отырған жасөспірімдерге ұғындыру мұғалімнен өте әдіскерлікті талап ететін күрделі мәселе. Сондықтан оқытушы оқулықтағы «Құтты білік» кітабының «Білім – қазына екендігі туралы», «Ақыл, білім туралы» атты үзінділерге тоқталмас бұрын кіріспе сөз ретінде Жүсіп Баласағұнның өмір сүрген дәуірі, сол дәуірдің тарихи - әлеуметтік жағдайы туралы мәліметтік-өмірбаяндық үлгіде мағлұмат беруі қажет.

5-сынып оқушылары бастауыш сыныптардан-ақ ауыз әдебиеті үлгілерінен ертегі мен аңыз әңгімелерді, мақал-мәтелдер мен нақыл сөздерді, жұмбақ мен жаңылтпаштарды жақсы біледі және сүйсіне оқиды. Бұған қосымша 5-сынып әдебиет оқулығының бірінші бөлімі ауыз әдебиеті үлгілеріне арналған. Бұл бөлімде тұрмыс-салт жырлары, төрт түлік мал мен наурыз туралы өлеңдер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, өтірік өлеңдер, ертегілер, аңыздар, шешендік сөздермен бірге, әдеби ертегілер берілген. Сонымен бірге ертегілер мен әдеби

ертегілерге, аңыздарға, шешендік сөздерге әдеби-теориялық түсініктер де берілген.

Осындай ауыз әдебиеті үлгілерінен кейін ежелгі дәуір әдебиеті үлгілерін өту оқушыларға қазақ әдебиеті тарихын дәуірлеудегі хронологиялық тәртіпті тәптіштеп түсіндірмегенмен бағыт бағдар беруде өте қол келетін жағдай болып есептеледі.

Жазу-сызуы жоқ бағзы заманда ата бабаларымыз ауызша ән - күй, ертегі, жыр жаратқанын оның үлгілерімен оқушылардың бастауыш сыныпта және оқулықтың өткен бөлімде танысқанын, осындай ауыз әдебиет үлгілерімен бірге біздің халқымыздың жазба әдебиеті де мұнан 11 ғасыр бұрын дамығанын, ертегілер мен әдеби ертегілерге байланысты өтілген әдеби-теориялық түсініктерді қайталап отырып түсіндіру сынып оқушылар санасында жақсы орнығады.

«Ертегілердің аса бір қызықты саласы - әдеби ертегілер. Әдеби ертегіні кім жазғандығы белгілі болағандықтан, оны әдеби ертегі деп атайды»,- деген тұжырым ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің ара жігін ажыратуға да септігін тигізеді, яғни Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» кітабының 1070 жылы жазылып, он бір ғасырдан бері түркі халықтарының алтын қазынасы болып қызмет етіп келе жатқанын айту, жазба әдебиетінің де ертеден қалыптасқанын білдіретіндігі жайлы мәліметтер келтіру оқушы-жастардың әдебиет өнеріне деген қызығушылығын арттырады.

Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» атты кітабын 18 айдың ішінде жазып бітіруі, шығарманың келешек ұрпақтарға бақыттылықты уағыздап, құт әкелетін білімді үйретуді мақсат еткенін балаларды баба мұрасынан нәр алып, білімді болуға қанаттандырады. Әсіресе, кітап беттерінде мақал-мәтел сияқты нақыл сөздердің көптен кездесетіні оқушылардың мәтінді тез меңгеруіне жағдай жасайды.

Зерде берген білімге бой ұрсын деп,

*Тірілігінде қайырымды іс қылсын деп.
Ұят берді, намыс берді, ар берді,
Намысына – қамшы болар жар берді,-*

деп келетін өлең қатарлары баланы өмірге құлшындыра түсетін, өзінің адам боп жаралғанына мақтаныш сезімін оятатын ұлағатты сөздер емес пе? Ал,

*Әуелі - оқып, оны ойыңа бере біл,
Жақсы сөзді хат жазғанда тере біл.
Надандықты құрта алмассың дәрімен,
Тек біліммен құтын қашыр әріден,-*

деген жыр қатарларында тәлім-тәрбие мен ұқыптылықты, сауаттылықты уағыздайтын көркем мағыналы ой айтылған. «Ақылды – ұл, біл, білімді білікті, Қонса екеуі, ұлы етер жігітті», деп келетін жыр жолдары балаларға өнер-білімді үйрену үшін айтылған ұран сияқты.

Білік мәнін біл, не дейді білген ер:

Білімсіздер бар кеселді көреді,

Емдемесе тектен текке өледі.

Надандарды дерт пен бәлі үйірер,

Емдемесе, ерте сөніп, күйінер.

Кел, ей надан дертке дауа жасағын:

Надан білім алса, құты тасады.

Ақылы болса, пайдасын ер көп көрер,

Білім білсе әзиз тірлік өзгерер.

Ақыл - күллі ісіңді алып шығады,

Ақылы бар – бұл сөзімді ұғады!

Берілген мәтіндерден осы сияқты үзінділерге ерекше мән беріп сабақты түсіндіру ұтымды әдіскерлік пайда береді. Сабақты өткен

бөлімдегі Отан, туған жер, еңбек, достық, өнер-білім, ерлік-батырлық тақырыбындағы мақал-мәтелдермен ұштастыра өту, біріншіден, қайталау арқылы оқушылардың ой қорытындысы байқалса, екіншіден, біліммен бірге тәрбиені де естен шығармай оқушы санасына сіңдіруге мүмкіндік жаратылады.

Мұғалім 5-сынып оқушыларына «Құтты білік» кітабының «Білім – қазына екендігі туралы», «Ақыл, білім туралы» атты үзінділерді өткенде «Ақылдылық пен надандық» тақырыбы туралы шағын көлемде мәтін дайындап, сыныптан тыс үлгіде әңгіме-сұқбат өткізсе, XI ғасыр мұрасы болған Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» кітабынан алынған бұл үзінділерді оқушы санасына сіңдіруге толық мүмкіндік жаратқан болады. Сыныптан тыс үлгідегі әңгіме-сұқбатты оқулықтағы «Білім – қазына екендігі туралы», «Ақыл, білім туралы» атты үзінділер соңында берілген сұрақтар мен тапсырмаларды орындаумен ұштастырса әдістемелік жетістікке еріскен болар еді. Сонымен бірге, бұл екі тақырыптағы үзінді өлеңдердің тілі жеңіл, жүрекке жылы боп келуі, басы артық сөздердің ұшырамауы мұғалімге өлеңнің оқушылар өздері ұнаған қатарларын жаттап келуі үшін тапсырма беруіне қолайлы жағдай туғызады.

Бізге келіп жеткен көне мұралардың бірі – «Қабуснама». Оның авторы Каспи теңізінің оңтүстік жағалауында жасайтын Гилион деген рудан шыққан Кейковус деген адам. Кейковус 412 жылдың мамыр айында дүниеге келген, «Қабуснаманы» 63 жасында жазып бітірген, яғни 475 жылы. Осы шығармасын ұлына арнаған Кайковус өзінің мұрасында атасы Шамсал Маоли Қабус туралы «өте қатал еді, ешбір кісінің күнәсін кешірмейтін болатын», -деп ашықтан-ашық жазады. Бірақ Қабус өз замандында керек болған барлық ілімді үйренген, әсіресе, әдебиетке айрықша мән берген, аса таланты ақын да болған. Айта кететін жайт,

белгілі ғалым Әбу Райхан Беруни де Қабус қарамағында жасап, көптеген ғылыми шығармалар жазған аса үлкен құрметке ие болған ғұлама ғалым.

Қабустың немересі Кайковус та өз заманының аса сауатты, білімді кісілерінен болған. Ол музыка және табиғат іліміне ерекше қызығушылықпен қараған. Оны «Қабуснама» еңбегінен де анық байқауға борлады. «Қабуснама» 44 бөлімнен тұрады, оның 4 еуі діни мазмұнда жазылған да, қалған 40 бөлімі тұрмыстық оқиғаларға байланысты жазылған.

«Қабуснамада» автор жастардың мінез-құлқына ерекше назар аударады. Жастардың адамгершілігі мол, нағыз халықшыл болуын насихаттайды. Оқулықта берілген «Ақылың болса - өнер үйрен», «Ата-ананы құрметтеу туралы», «Аманатқа қиянат ету – ерлік емес» атты үзінділерде де «Ей, жас оқырман!, Ей, перзенттерім!, Ей, балам!, Ей, жас достарым!», - деген бауырмал сөздермен жас ұрпақтарға өз ақылын ұлы данышпандардың ұлағатты ой-түйіндері, ойлы сөздерімен ұштастырып жеткізіп отырады.

«Ақылың болса - өнер үйрен», «Ата-ананы құрметтеу туралы», «Аманатқа қиянат ету – ерлік емес» атты үзінділердің қай-қайсысы да үлгі-өнегеге құрылған тәлім-тәрбие. Егер Жүсіп Баласағұнидің «Құдатғу білік» шығармасынан алынған үзінділерде тәлім-тәрбие өлең-жыр үлгісінде берілген болса, Кайковустың «Қабуснама» кітабынан алынған «Ақылың болса - өнер үйрен», «Ата-ананы құрметтеу туралы», «Аманатқа қиянат ету-ерлік емес» атты үзінділерде қара сөз үлгісінде берілген. Айырмашылығы сол ғана. Сондықтан бұл екі автор шығармаларын бір-бірімен байланыстырып өтудің тиімділігі нәтижелі болмақ.

Кайковус «Ақылың болса - өнер үйрен» үзіндісінде «Егер ақылың болса -өнер үйрен, себебі өнерсіз ақыл – лыпасыз (көйлексіз, жалаңаш Ж.З.) тән, яғни ұсқынсыз адам сияқты. Білім дегеніміз – ақылдың белгісі»

деген ұлы ойды алға тартады. Шынында да білімді үйрену үшін еңбек ету, бойды жалқаулықтан аулақ ұстау аса пайдалы. Ол жайлы ғұлама ғалым: «Жалқаулық, жұмысты жақтырмау тәннің бұзылуына, кеселге шалдығуына себеп болады. Егер еңбек етіп, денеңді өзіңе өмір бойы бойсындырмасаң, сау-саламат және биік мәртебелі бола алмайсың. Өйткені, дене әрекетсіздіктен, тыныштықты дос тұтқандықтан, өз ықтиярымен саған бойсынбайды, сол үшін де дене өз бетімен әрекет қылмайды. Ол әрекетті бұйрықпен жасайды, сен бұйырмағаныңша дененің ешбір ісі көңілдегідей болмайды», - деген ойды алға тартады. Әсіресе, ғұламаның «әрбір адам өз денесін өзіне бойсындырса, ілім-білім мен өнер үйрену арқылы екі дүниеде де бақыт табады», - деген насихаты жасөспірім - оқушылардың санасына қонымды, түсіндіруге де, түсінуге қолайлы өнеге.

«Ата-ананы құрметтеу туралы» үзіндіде ғұлама ғалым осы ойын одан әрі жалғастырған. Егер әрбір перзент ақылды, дана болса, ата – ананың мейір – махаббаты үшін, айтқанын орындаудан бас тартпайды. Ата- ананың жұмысы – сені тәрбиелеп өсіру, әрі сені жақсылыққа үйрету,- дейді.

Ата – анаңның көңілін сен ренжітуші болма, олардың жан-жүрегіне қаяу түсірме. Сен ата-анаңның ақысын дін жағынан өтей алмасаң да, ақыл- санаңмен, адамгершілікпен өте. Қарашы: ата-анаң саған жанын салып қамқорлық жасауда. Ал, сен, оларға кереғар іс істесең, онда сен ешқандай жақсылыққа лайық емессің. Себебі, адам ата-ананың дәрежесін білмесе, басқа біреудің жақсылығына баға бере алмайды. Егер перзентіңнің өзінді құрметтегенін қаласаң, онда сен де ата-ананды құрметте. Себебі: ата-анаң не істесең, балаң соны істейді,- деп тамаша түйіндеулер жасайды.

Адам жеміске, ата-ана жеміс ағашына ұқсайды. Жеміс ағашын жақсы қарап күткендей, ата-ананды аялап бақсаң, сен туралы олардың дұғасы қабыл болады,- дейді шындықтың бетін аша түсіп, осы парасатты да,

ұлағатты сөздерди оқытушы «Ата көрген оқ жонар, ана көрген кесте тігер», «Атана не істесен алдына сол келер» деген сияқты халық даналығымен ұстастырып, осы тектес тақырыпта әңгіме-сұқбат алып барса сабақ оқушылардың түсінуі мен естерінде ұзақ сақталуына жағдай жасалған болады.

Ал, «Аманатқа киянат ету – ерлік емес» атты үзіндідегі кештетіп достарының бірімен моншаға бармақ болған мүсәпірдің ұрымен екеуінің арасында болып өткен оқиғасы балаларға ертегі сияқты түсіндіруге, әрі түсінуге өте қолайлы, тәлім-тәрбиелік мәні зор мәтін. Себебі балалар осындай оқиғадан-оқиғаның ұласып отыруына, оның қызықты да көркем болуына үйір келеді. Жалпы балалар әдебиеті шығармаларына төмендегідей талаптар қойылады:

Біріншіден, балалар психологиясына зерттеу жасағанда, олардың ойлау, түсіну қабілеті суреттеліп отырған оқиғаның, көркем бейненің нақтылығын, дәлдігін өз өмірінің айналасынан алуды қажет етеді.

Екіншіден, әңгімеленіп отырған оқиғаның барысында лиризм болуы шарт. Баланың ішкі дүниесіне, ой – санасына бірден әсер ететін күүшті де мағыналы бейнелер алынуы керек. Балаларды өмірдің жарқын болашағына қанаттандырып, шарықтатып отыруы шарт.

Үшіншіден, балалар әдебиетінде оқиғаны және адам характерін суреттеу әдістерінің динамикасы ерекше болады. Психологияның дәлелдеуіне қарағанда, балалар оқиғадан оқиғаның туып отыруына, олардың тез өзгеруіне, шешіміне, кейіпкерлер мінезінің жан – жақты дамуына қызығады. Одан соң оның неден шыққан себептерін іздестіре бастайды.

Төртіншіден, балалар жаратылыстың көркем көріністерін, пейзажды шебер суреттеуді ұнатады, оған сүйсініп қарайды, соны өз айналасынан іздейді. Көркем әдебиеттегі жаратылыс суреттері балалардың

байқағыштық, талғампаздық қабілетін арттыра түседі. Пейзаждық сурет – эстетикалық тәрбиенің бір көрінісі.

Ал көркемдікке тәрбиелеу – баланың ақыл – есінің тез жетіліп, тез дамуына көмектесіп отырады.

Эстетикалық тәрбие көркем өнердің барлық салаларында ұлы шеберлер жасаған аса құнды мұраларды балалардың терең түсінуін, сол шығармалардан рахаттанып, рухани ләззат алуын көздейді.

Бесіншіден, балалар әдебиеті шығармаларының мазмұны, идеясы олардың белсенділігін арттырып, өз өмірінің жарқын болашағын тануға себепкер болуға тиісті. Оларды еңбекке, ғылымға, әртүрлі мамандыққа еліктіріп, үлкен істерді орындауға дайындай білуі, соған әуестендіруі керек.

Алтыншыдан, балалар әдебиетінің тілі ойнақы, жеңіл әрі көркем, қысқа да мейлінше түсінікті, айқын да дәл, әрі әсерлі болуға тиісті. Балалар әдебиетінің тілі олардың сөздік қорын байытуға жәрдемдесетін бірден – бір құрал.

Осы сияқты талаптарды оқытушы барлық уақыт естен шығармай сабақ өту процесінде қолданып отырса, әрбір сабақ әдістемелік тұрғыдан сәттілікке еріседі.

Мұғалім Жүсіп Баласағұни мен Кайковустың жоғарыда атап өтілген тамаша тәрбиеге құрылған шығармалары үзінділерін оқыту барысында мәтіндер соңында берілген төмендегі сұрақтар мен тапсырмаларға ерекше мән беріп, оны сабақ түсіндіру, үйге тапсырманы сұрау барысында ұтымды пайдалануы керек:

1. Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» кітабы қашан жазылған?
2. Онда қандай мәселелер көтерілген?
3. Өлеңдерін мәнерлеп оқып, мазмұнын айтып беріңдер.
4. Өздеріңе ұнаған өлең қатарларын жаттап алыңдар!

5. «Қабуснама» шығармасының авторы кім?
6. Ол бұл еңбегін кімге арнаған?
7. Кайковустың атасы қандай адам болған?
8. «Қабуснамада» қандай мәселелер көтерілген?
9. Өнер, білім үйрену туралы «Қабуснамада» не айтылған?

Бұл сұрақтар мен тапсырмаларды орындау оқушылардың мәтінді қаншалықты меңгергенін, есте сақтағанын аңғартатын ұтымды әдіскерлік жұмыс болып табылады.

8-сынып әдебиет оқулығында «Тасқа жазылған дастандар» тақырыбында Орхон жазба ескерткіштерінен «Күлтегін» жыры, «Қорқыт ата кітабынан» «Төбекөз дәуді өлтірген Бисат туралы жыр» және Қорқыттың нақыл сөздері, Әбу Насыр әл-Фарабидің өлеңдері, Махмұд Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрік» сөздігінен «Жаз бен қыстың айтысы» өлеңі, Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» кітабынан «Тіл өнерінің қасиет-сипаты туралы», «Білім, ақылдың пайдасы туралы» үзінділер берілген.

Тасқа жазылған дастандардан 8-сыныпта «Күлтегін» жырынан біршама ұзақ үзінді берілген. Орхон жазба ескерткіштерінің бірінен есептелетін Күлтегін Орта Азия мен Қазақстан жеріндегі ежелгі феодалдық мемлекеттердің бірі 552 жылдан 745 жылдарға дейін өмір сүрген - Түрік қағандығының батыры болған. Ежелгі түркі дәуірінің қоғамдық, әдеби, мәдени өмірін жыр еткен ғажайып дастандардың бірі - «Күлтегін», Білге қаған» және «Тоныкөк» жырлары. Бұдан 1250 жыл бұрын үлкен құлпытастарға қашап жазылған осы әдеби ескерткіштер идеялық мазмұны жағынан да, көркемдік шеберлігі тұрғысынан да күні бүгінге дейін оқушысын таңдандырып, тамсандырып келеді.

«Күлтегін» - Орхон өзені бойынан табылған ескерткіштердің бірі болып Түрік қағанатының әскери қолбасшысы болған Күлтегін батырдың (684-731 жылдары) ерлік істерін баяндайтын дастан. Ал екіншісі, Батыс

түркі қағанатының елбасы - Білге қағанға арналған жыр. Күлтегін батыр мен Білге қағанның ақылшысы, кеңесшісі, данышпан қарт Тонькөкке арналған ескерткіш тасқа да осындай жыр-дастан қашап жазған. Тасқа қашап жазылған бұл үш дастанда Түркі қағанатының құрылуы мен құлдырауы, өрлеу дәуірі мен күйреу кезеңі жайында аса құнды тарихи деректер бар. Әйтсе де, Орхон жазуындағы бұл жәдігерліктер жылнама-шежіре емес. Автор сол кездің аса маңызды тарихи оқиғаларын бетке ұстай отырып, өзінше эпикалық сарындағы көркемдік дәрежесі биік, тарихи дастандар жазған. Мұнда тарихи шындықтан емес, автордың көркемдік қиялынан туған көріністер мейлінше мол. Ерлік, елдік және ел қорғау тақырыбына арналған бұл ғажайып дастанлардың авторы Иоллығ тегіннің аса дарынды сөз зергері болғанын шығарманы оқи отырып аңғару қиын емес. Ол әсіресе ежелгі түркі поэзиясына тән көріктеу құралдарын зор шеберлікпен пайдаланған.

Өлеңде бірыңғай дауыссыз дыбыстардың қайталанып қиысу, яғни аллитерация жырдағы үндестікті, мәнерлілікті күшейте түсетінін ежелгі түрік сөз зергерлері жақсы түсініп, бұл әдісті шебер меңгергені анық. Мәселен, Күлтегін жырының авторы әдеби, тілге дауыс ырғағы түгіл, тіпті дыбыс қайталаулар арқылы әжептеуір ажар беруге болатынын сезген секілді.

Орхон ескерткіштеріндегі ұйқастықтың өзіндік ерекшеліктері бар. Қалай болған күнде де өлеңге қойылатын негізгі шарттардың бірі - тармақтағы сөз соңының үндестігі, дыбыстас естілуі болып табылады. Ежелгі түркі жырындағы ұйқас - екпінді және екпінсіз буындар үйлесімінің біркелкі қайталануы. Бұған «Күлтегін» жырын оқи отырып көз жеткізу қиын емес. Мысалы:

Биікте көк тәңірі,

Төменде қара жер жаралғанда,

Екеуінің арасында адам баласы жаралған.

*Адам баласы үстіне ататегім
Бумын қаған, Істемі қаған отырған.
Отырып, түркі халқының ел-жұртын
Қалыптастырған, иелік еткен.
Төрт бұрыштың бәрі дұшпан екен,
Сарбаздарымен аттанып,
Төрт бұрыштағы халықтығы
Көп алаған, бәрін бейбіт еткен.
Бастыны еңкейткен,
Тізеліні бүктірген,-*

деген қатарлардың өзінен де ескі ғасырлар қойнауында өмір сүрген
Түрік қағанатының құрылуынан дерек береді. Ал, жырдағы:

*Әуелі күн шығыстан
Бөклі көлінің елі,
Табғаш, тибет, авар, үрім
Қырғыздар, үш құрықандар,
Отыз татар, қытай татабылар-
Осынишама халық келіп
сықтады жылады.
Осындай сыйлы қаған екен.*

деген қатарлар Түрік қағанаты тұсында тұрмыс кешірген ұлт пен
ұлыстар, ру-тайпалардан дерек берсе:

*Өрнектеген жазба тасты тұрғызуга
Табғаш қағанының зергершісі -
Чаң - Сеңун келді.
Күлтегін қой жылы, он жетінші күні өлді.
Тоғзыншы айдын жиырма жетісінде жерледік.
Мазарын, ою-өрнегін, жазба тасын бешін жылы,*

Жетінші айдың жиырма жетісінде тегіс аяқтадық.

Күлтегін өлгенде қырық жеті жаста еді.

деген қатарлардан тарих жылнамасынан дерек береді. Жалпы дастанды оқып отырып VII-VIII ғасырлардағы еркіндік, бостандық, тәуелсіздік идеялары бүгінгі күнмен ұштасып жатырғанын байқауға болады. Оны дастандағы

Бүкіл түркі халқы үшін,

Түн ұйқымды төрт бөлдім,

Жанып күйдім өрт болдым,-

деген өлең жолдарынан көруге болады. Оқытушы ежелгі дәуір әдебиеті үлгілерін өту барысында шығарманың «Күлтегін» жырының осындай ерекшеліктерін оқушыларға түсіндіруді сабағының негізгі мақсаты етіп, Күлтегін бейнесіне оның ерлік істеріне назар аудартуы керек, Түркі елінің бақытқа кенелген тұсын мәтіннен тауып оқытса, оқушылар бабалары тұрмысынан хабардар болады.

Осы үлгіде «Қорқыт ата туралы ақиқат пен аңызды» өткенде де одан әрі дамытылған әдістемелік үлгіде өтуге болады.

VIII ғасырда Сыр бойында өмір сүрген батыр, атақты ақын, асқан күйші, аңыз кейіпкері- Қорқыттың анасы қыпшақ тайпасынан, әкесі оғыз тайпасынан, сондықтан Қорқыт қыпшақтар мен сол кезде Сырдария бойын жайлаған оғыздар арасында екі жаққа бірдей ел ағасы атанған. Данышпан қарттың ұзақ жылдар бойы ел басқарған көсем болғанын, өз өмірінде үш рет уәзірлік қызмет атқарғанын дәлелдейтін тарихи деректер бар.

Ал, оның теңдесі жоқ күйші - сазгер болғандығын халық жадында сақталған «Қорқыт ата күйі», «Қорқыт сарыны» т.б. музыкалық шығармалары дәлелдейді Қазақ арасынан шыққан атақты күйші бақсылар, ақын-жыраулар өздерінің өлең-жырларын бастар алдында, алдымен Қорқыт атаның есімін ауызға алуды шарт деп білген.

*Жыраудың үлкен пірі – Қорқыт ата,
Бата алған барлық бақсы асқан ата.
Таң қалып жұрттың бәрі тұрады екен,
Қобызбен Қорқыт ата күй тартқанда.*

Ел аузындағы аңыздардан Қорқыт ата өзінің жүйрік желмаясына мініп алып, халқына мәңгі жасайтын жерұйық іздеуші, ғұмыр бойы өлімге қарсы күресуші, өлім дегенді білмейтін ғажайып қайсар жан ретінде суреттеледі; Әйтсе де ол өмірінің соңында «Өлмейтін нәрсе жоқ екен» деген пікірге келеді. Енді Қорқыт ата мәңгілік өмірді қобыз сарынынан іздейді. Ұлы күйші, кемеңгер жырау өзі іздеген мәңгілік өмірді шынында да тапқан секілді. Қорқыт атаның жан тебіренерлік сиқырлы күйлері, ұлағатты ғибрат сөздері, әрбір жолы мақал-мәтелге айналып кеткен өлең-жырлары ұрпақтан-ұрпаққа асыл мұра, мәңгілік қазына ретінде ауысып, мың жылдан астам уақыттан бері өмір сүріп келе жатыр.

Қорқыт анасынан туылған бойда-ақ тілі шығып, сөйлеп кетіпті. Қорқыттың өмірге қалай келгені туралы ерте заман қобызшылары мен бақсы-жыраулары айтатын өлең-жырлар бар:

Қорқыт туар кезінде
Қараспанды су алған,
Қара Жерді күл алған.
Ол туарда ел қорқып,
Туған соң әбден қуанған.

Қорқыт туралы, сол дәуірде Қаратау қойнаулары мен Сырдария бойында тұрған қалалар, елді мекендер, кешендер туралы аңыздар қазақ халқының арасында осы күнге дейін айтылып жүр. Өйткені бұл аңыздар тарихта болған шын оқиғалармен тығыз байланысып, ұштасып жатады.

«Қорқыт ата кітабы» - түркі тектес халықтардың ежелгі тарихын, байырғы тұрмысын, әдет-ғұрпын, салт-санасын, ақындық дәстүрін

танытатын эпикалық, әрі тарихи мұра. Қорқыт ата хикаясы VII-VIII ғасырларда Сырдария бойын мекен еткен оғыз-қыпшақ тайпалары арасында туып, сан ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа тараған, рухани қазына ретінде бүгінгі күнге дейін өзінің әдеби, тарихи, этнографиялық т.б. мәнін жоймаған аса құнды шығарма.

Осы тектес немесе бұнан да көлемді үлгідегі кіріспе мәтін арқылы Қорқыттың аты аңызға айналған жан болғанын шәкірттерге ұғындырып, «Қорқыттың нақыл сөздерін» өтіледі. Негізінен мұнда қазақ халқының мақал-мәтелдері мен Қорқыттың нақыл сөздері салыстырмалы үлгіде өтілсе нұр үстіне нұр болар еді. Себебі «Қар қанша қалың жауғанмен, жазға бармас. Гүлденіп өскен бәйшешек күзге бармас. Тозған мақта бөз болмас, ежелгі жау ел болмас. Ат қиналмай жол шалмас. Қайыспас қара балтасыз жау алынбас. Мыңғырған мал жиғанмен, адам жомарт атанбас. Анадан өнеге көрмеген қыз жаман, атадан тағлым алмаған ұл жаман. Ондай бала ел басын құрап үйінен дәм беруге де жарамайды. Ананың көңілі балада болар. Жақсы ана үшін бала- екі көздің сыңары. Ұлың өсіп жетілсе, ол - от басының мерейі, бас-көзі. Ақылсыз балаға ата дәулетінен қайран жоқ.

Батыр туған жігіттің садағының оғы да қылыштай кесіп түседі. Қонағы жоқ қараша үйден құлазыған тұз артық. Ат жемейтін ащы шөптің гүлденіп өспегені жақсы. Адам ішпес ащы судың жылға қуып ақпағаны жақсы. Атаның атын былғаған ақылсыз баланың әке омыртқасынан жаралып, ана құрсағында шырланып тумағаны жақсы. Ата даңқын шығарып, өзінің тегін қуған балаға ешкім жетпейді. Өтірік сөз, өрге баспайды, өтірікші болғаннан, жарық көріп, өмір сүрмеген көп артық. Сөзіне берік, шыншыл адамға бұл дүниеде отыз жылды үшке көбейтіп, өмір сүрген де аз.

Сайдың шөбін жекен білер, түздің шөбін бөкен білер.

Күн мен түннің келгенін бозторғай білер.

Ұлдың кімнен туғанын ана білер.

Иесіздің иесін ат білер.

Жүктің ауыр-жеңілін есек білер.

Беліне қай жерден арқан түскенін тең білер.

Кімнің батыр, кімнің бақыл екенін жырау білер.

деген нақыл сөздер халқымыздың байырғы қолданып келе жатқан көркем сөздеріне ұласатыны даусыз.

Сондай-ақ «Қорқыт ата кітабына» енген екі жырдың бірі - «Төбекөз дәуді өлтірген Бисат туралы жыр» да 8-сынып оқулығына енген. Жырдың мазмұны мен идеясын түсіндіру үшін аңыздар мен ертегілерді оқыту әдістемесі үлгісінде өту тиімді нәтиже береді. Себебі, жыр қара сөз үлгісінде берілген. Оқиғасы өте қызықты, біріне-бірі ұласып оқырманын өз жетегіне ертегілер сияқты тартып отырады.

Сабақ өту барысында «Қорқыт ата туралы қандай аңыздар оқыдыңдар, естігенін бар ма», «Қорқыт атаның өсиет сөздерінің қазіргі күнде мәні қандай» тәрізді сұрақ-жауап өткізу арқылы Қорқыт атаға байланысты басқа да деректерді мысалға келтіруге болады.

Әл-Фараби - әдебиет теориясын зерттеуші ғалым. Оның «Өлең ырғағы туралы», «Ырғақ пен өлең туралы сөз», «Поэзия өнерінің негіздері туралы трактат», «Өлең кітабы», «Өлең өнерінің қағидалары туралы трактат» т.б. зерттеулерінің мәні күні бүгінге дейін жойылған жоқ. Сонымен бірге әл-Фараби ғажайып жыр-толғаулар да жазған оның дәлелі ретінде оқулықта ғұлама ғалымның өлеңдері берілген Ақын өлеңдерінің негізгі тақырыбы - өмірдің мән-мағынасы жайлы толғау, оқу мен білімді мадақтау, адамгершілікке шақыру.

Кері оралмай жылдарым жатыр ағып,

Қасіреттің жасына көз жуынар.

О, жаратқан, көп неткен ақымағың,

Құм сықылды тез ысып, тез суынар.

*Зиялы аз бір тұтам тіршілікте,
Әкімдікке күллісі жүгіреді.
Көкірекпен сезініп, күрсініп көп,
Жаным менің түршігіп, түңіледі.*

*Бауырым, қанша сүйгенмен,
Өтеді өмір күйбеңмен.
Шындыққа бас тік алаулап,
Пенделіктен бол аулақ.*

*Жататын дәйім жаңғырып,
Бұл ғұмыр емес мәңгілік.
Бейопа мына заманда
Бақұл боп кетер адам да.*

бұл қатарлардың өткінші өмірдің күйбені мен мән-мағынасы айтылса:

*Тамылжып бұл тыныштық айналамнан,
Тылсым түнге құшағын жайған далам.
Мен жатырмын ұйқысыз жапа-жалғыз,
Жанымды ай жарығы аймалаған.
Аққан жұлдыз құласа кейде егер,
Сенің нұрлы бейнең боп кеудеме енер.
Әлдеқайда гайыптан ынтызар ғып,
Өміріме бір гажап сәуле берер.
Үнің жетер жаңғырып жырақтан ең,
Сезініп мен деміңді гүл атқанмен,
Оның өзі бір-ақ сәт... содан, кейін,*

Мұңды күнді жалғаймын бірақ та мен...

деген өлең қатарларында лиризм басым, махаббат сезімі мен лирикалық қаһарманның жан дүниесіндегі арпалыстары мен сағынышы суреттелген.

Әл-Фараби өлеңдерінің тақырыбын талдап түсіндіруде, идеялық ерекшелігін айқындауда «Өрге жүзген өнегелі ісімен, Таңда адал дос өз теңіңнің ішінен»,- деп ғұлама ақынның өзі келтірген өлең қатарларының мағынасын ұғындыру, сол төңірегінде әңгіме-сұқбат жүргізген орынды.

Махмұд Қашқаридің «Диуани лұғат ат-Түрік» сөздігінен алынған ертедегі түрік жырлары «Жаз бен қыстып айтысын» өткенде кіріспе тақырып ретінде Махмұд Қашқаридің XI ғасырдың ұлы филолог, ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, зерттеуші ғалым, саяхатшы екенін, «Диуани лұғат ат-түрік» атты түрікше-арабша түсіндірме сөздігі қазіргі түркі тілдес халықтардың бәріне ортақ мұра екенін, онда тек сөздік қана емес, сонымен біре, орта ғасырдағы түріктердің қоғамдық, рухани, ғылыми, мәдени, әлеби, саяси өміріне, көне тарихы мен әдет-ғұрпына, салт-санасы мен наным, сеніміне т.б. қатысты аса бағалы деректері мол жинақ екенін айтып өту қажет.

«Сөздікте» мысал ретінде келтірілген көркем сөз үлгілері - бәйіттер, ғазалдар, тұрмыс-салт жырлары, мақал-мәтелдер, қанатты сөздер, ғибрат сөздер, сажьдар (ақ өлең), насыр (проза) т.б. бар. Сондай-ақ, адамдардың қадым замандардағы тұрмыс-тіршілігін, Көк Тәңірісі мен Күнге табыну дәуірін бейнелейтін көркем сөз үлгілері жиі ұшырайды. «Түркі сөздерінің жинағындағы» табиғат туралы, жылдын төрт мезгілі - көктем, жаз, күз және қыс көріністеріне арналған өлеңдер ерекше назар аударады. Бұл жырларды оқи отырып, алғашқы қауым адамдарының табиғаттың дүлей күші-найзағай, қар, жаңбыр, жел т.б. туралы түсінігін аңғаруға болатынын баяндап «Жаз бен қыстып айтысын» тардауга кіріскен жөн.

Қыс пенен жаз тоғысты, жанасқанын, Қыстың:

*Ауруды емдедім,
Қуаттанар ерлерім.
Тұлпарларды жемдедім.
Күш беремін тәнге де
Қармен бидай өнеді,
Төлдер қырға өреді,
Қар далаға күш себер,
Жаз байлығын қыс берер,-*

деп масаттануына Жаз тамағын кенеп:

*Адам мені аңсайды,
Қар, ластан шаршайды.
Өткізеді қанша айды,
Әлін алып қарлы жел!
Бұлт төнеді сұстана,
Желі қандай? Масқара!
Іздейді адам баспана,
Күн кешеді күрсініп,-*

деп қыстағы қатал ауа райын сөз етіп:

*Қара, кепкен сайларды,
Шешек атты гүл біткен.
Шаттық есті тірліктен...
Жазбен жайнап бар алап,
Гүл атады дала, бақ.
Блғи мені сағалап,
Қарлығаш та самғайды,-*

деген өлең қатарларымен сөзін аяқтайды.

«Жаз бен қыстың айтысы» өлеңінің тілі жеңіл, жаттауға қолайлы, пейзаждық картиналарға бай табиғат суреттері молынан кездесетін 7-8 буыннан тұратын қайым өлең үлгісінде жазылған жыр болғандықтан оны, салыстырмалы үлгіде рөлдерге бөліп оқыту жақсы нәтиже береді. Жаттауға қолайлы болғандықтан оны үй тапсырмасы ретінде берген мақұл.

Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дасатны негізінде берілген «Тіл өнерінің қасиет-сипаттары туралы» және «Білім, ақылдың пайдасы туралы» үзінділерді өту барысында ғұлама ғалымның «Құтты білік» кітабынан алынып, 5 – сыныпта өтілген «Білім – қазына екендігі туралы», «Ақыл, білім туралы» атты үзінділермен тығыз байланыстырып өту, 5-сыныпта берілген мәліметтерді жан-жақты кеңейтіп түсіндіру, жақсы жетіскендіктерге ерісу мүмкіндігін береді. Ақынның:

*Сөзіңді бақ, басың кесіп алмасын,
Тіліңді бақ, тісің сынып қалмасын!»
Біліп айтқан сөз - білікті саналар,
Біліксіз сөз басыңды жеп, табалар
Көп сөйлеме, аз айт бір-ер түйінін
Бір сөзбен шеш дүйім сөздің түйінін
Сөз кісіні ұлы қылар, бек қылар.
Көп сөз басты қара жерге кеп тығар,*

деген тіл өнерінің қадір-қымбатын танытатын тұжырымды сөздері мен баласына:

*Күміс, алтын қалса менен сендерге,
Оларды сен бұл сөзіме теңгерме!
Күмісті іске тұтсаң - бітіп қалады,
Сөзімді іске тұтсаң - күміс табады.
Қалар мұра - сөз, кісіден кісіге,
Сөзді мұра тұтсақ, пайда ісіңе,-*

деп айтқан тілек-батасындай ұлағатты сөздерін оқушыларға ұғындыру, жастардың өмірді ұғуына, одан өз жолын табуына пайдасын тигізеді. Осы үлгіде «Білім, ақылдың пайдасы туралы» өлеңін де өтіп;

Білімді- аз, білімсіздер қаптаған,

Ақылсыз - көп, ақылдыны таптаған.

деген өлең қатарларын тақырып етіп алып, әңгімелесу өткізуге де, шағын шығарма жұмысын жазғызуға да болады. Ал, сабақты Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанының түркі тілдес халықтары тарихының дамуындағы маңызын баяндап, дастан тақырыбы мен онда көтерілген мәселелерді түсіндіріп қорытындылау ертедегі әдебиет үлгілері туралы 8-сынып оқушыларының санасында жақсы мағлұматтардың сақталуына негіз салынған болады.

II ТАРАУ

8 – сыныпта «Қорқыт ата» жырларын «Алпамыс батыр» жырымен салыстыра оқыту

Әдебиет қоғамдық санамен байланысты дамып отырады. Ол әр бір тарихи философиялық, саяси-әлеуметтік, құқықтық, діни және т.б. наным-сенімдерге, адамдар мен топтардың дүниетаным қабілеттеріне сәйкес, соларға тығыз байланысты болады. Бұл жағдай, біріншіден, әдебиетті өзінше дамытын тұйық құбылым деп қарауға болмайтынын көрсетсе, екіншіден, көркем әдебиеттің басқа мәдениет салаларымен байланысты болатынын танытады. Әрине, өнердің басқа салаларынан көркем әдебиеттің өзіндік ерекшеліктері бар. Әдебиет қоғам өмірін бейнелі өй елегінен өткізіп, көркем сөз арқылы суреттеп береді. Сөйтіп әдебиет те өнердің өзге салалары сияқты өзінің жетілу кезеңдерін басынан кешіреді. Сондықтан көркем сөз өнерінің даму жолын халқымыздың тарихымен ұстастыра қарастыру абзал. Ескі мұраны, оның ішінде көркем сөздің ерте үлгілері болған ежелгі дәуір әдебиеті мұраларын жастарымызға тәлім беруде тәрбие құралы ретінде пайдалану мақсатты міндет, себебі ежелгі дәуір әдебиеті үлгілері тек этнографиялық шығармалар ғана емес, тәлімі мол педагогикалық туынды да. Қазіргі ұлттық тәлім-тәрбиемізді уағыздап, жандандырып отырған кезеңде мұндай шығармалардың педагогикалық маңызы арта бермек.

Сондықтан оның тәрбиелік мәні мен маңызын ашып, оқу-тәрбие процесінде пайдаланудың бірер нұсқасын, әдіс-тәсілдерін ұсынуды жөн көрдік.

1. Сабақтың тақырыбы: «Қорқыт ата» жыры мен «Алпамыс батыр» жырларының тегі мен мазмұнындағы ұқсастық.

Сабақтың мақсаты: 1) «Қорқыт ата» кітабындағы жырлардың тарихынан мағлұмат беру.

2) Екі жырға да ортақ белгілерді салыстырмалы зерттеу әдісі арқылы таныту.

Сабақтың тәрбиелік мәні: 1) Екі жырдан үзінді келтіру арқылы оқушылардың тілін дамыту, сөз саптау мәдениеті үлгісін беру, көркемдік ойлау машығын қалыптастыру.

Сабақтың көрнекілігі:

1. «Қорқыт ата кітабы»
2. «Алпамыс батыр» жыры
3. Салыстырмалы кесте
4. Жырларға қатысты ғылыми деректер, түрлі пікірлер
5. Суреттер

Нұсқау.

Бұл сабақ Қорқыт жырларына қатысты болғандықтан оқушылардың өткен жылы (7-сыныпта) тарих сабағында оғыз-қыпшақ ұлысы туралы алған мағлұматын пысықтай отырып, бүгінгі сабақпен ұштастыру. Бұл бағдарда оқушыларға төмендегідей сұрақтар берілуі мүмкін:

1. Оғыз-қыпшақ ұлысы қай ғасырда құрылып еді?
2. Оның құрамында қандай тайпалар болды?
3. Ұлыстың біздің өлкемізге қандай қатысы бар?

Берілген сұрақтар төңірегінде ой қозғаған соң мұғалімнің кіріспе сөзі жалғасып кетеді.

Оғыз-қыпшақ дәуірінен қалған үлкен шығарма бар. Оны «Қорқыт жырлары» дейді. Жырлардың айтушысы — оғыздар мен қыпшақтардың ұзаны, яғни жырауы, қобызшысы, данышпаны Қорқыт есімді ата. Жырлардың алғашқы сюжеті Сыр бойында VIII—IX ғасырларда туған да, XV ғасырда Кавказ жерінде хатқа түсіп, «Қорқыт ата кітабы» деген атпен

жарық көрген. Онда туған жерін, елін сыртқы жаудан қорғау үшін ажалға бас тігіп, қан майданға шыққан оғыз батырларының ерлігі зор шабытпен жырланады. «Қорқыт ата кітабының» 12 жырдан тұратын нұсқасы Дрезденде (Германияда), 6 жырдан тұратын нұсқасы Ватиканда (Италия) сақтаулы. Қорқыт жырларын зерттеуге көптеген Батыс Европа, орыс, қазақ, Орта Азия ғалымдары ат салысқан. Оның қазақ тіліндегі аудармасы 12 жырдан тұрады. Соның ішіндегі 3-ші жыр, яғни Байбөрі баласы Бәмсі Байрақ туралы жырға назар аударалық. «Алпамыс» жырының оқиғасы «Байбөрі баласы Бәмсі Байрақ туралы жырдың» бірінші және екінші бөлімдерімен ұқсас. Ұқсастықтарды салыстырып көрелік:

I. Екі жырдың тегі

<p>«Алпамыс батыр» жыры</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Сыр бойындағы қият (қоңырат) тайпасы арасында туған өте көне дәуір туындысы. 2. «Алпамыс» жырының ежелгі дәуірдегі аты «Бамсы», «Бамыс», «Мамыс», «Алып Мамыс», жылдар өткенде «Алпамыс», «Алпамша» деп аталған. 3. Бүкіл Орта Азияға ортақ мұра. 	<p>«Байбөрі баласы Бәмсі Байрақ туралы жыр» («Қорқыт ата кітабынан»).</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Сыр бойында оғыз-қыпшақ дәуірінде туған. 2. Оғыз-қыпшақ тайпалары «Алпамыс» жырын жүздеген жылдар бойы айтып келген. 3. Бүкіл Орта Азияға ортақ мұра.
--	--

II. Екі жырдың сюжеттік ұқсастықтары

<ol style="list-style-type: none"> 1. Байбөрінің перзент аңсауы. 2. Алпамыстың дүниеге келуі. 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Байбөрінің перзент аңсауы. 2. Бәмсі Байрақтың дүниеге келуі.
---	--

<p>3. Байбөрі мен Байсарының құда болуы.</p> <p>4. Алпамыстың сүйген қызы Гүлбарбаршынға үйленуі.</p> <p>5. Алпамыстың ұзақ жылдар бойы жау тұтқынында болуы.</p> <p>6. Ұлтанқұлдың Гүлбаршынға зорлықпен үйленгелі жатқан тойдың үстінен шығу.</p> <p>7. Батырдың Гүлбаршынды, туғандарын, елін қорлық пен азаптан азат етуі.</p>	<p>3. Байбөрі мен Байбіжанның құда болуы.</p> <p>4. Бәмсі Байрақтың Бәну Шешекке үйлену тойы.</p> <p>5. Бәмсі Байрақтың қапылыста жау қолына түсіп, 16 жыл бойы тұтқында жатуы.</p> <p>6. Жарташықтың Бәну Шешекке зорлықпен үйленгелі жатқан тойдың үстіне келу.</p> <p>7. Бәмсі Байрақтың Бәну Шешекті, ата-анасын, бауырларын, халқын азапты өмірден азат етуі.</p>
--	--

III. Кейіпкерлердің мінез-құлқы, бітім-болмысы, адамгершілігі, іс-әрекеті, тағдыры арасындағы ұқсастық

Алпамыс	-	Бәмсі Байрақ
Гүлбаршын	-	Бәну Шешек
Байбөрі	-	Байбөрі
Сақау қатын Бадамша	-	Құныс әйел
Ұлтанқұл	-	Жарташық

IV. Кестемен жұмыстан соң екі шығармадан үзінділер келтіре отырып, салыстырамыз (оны мұғалім өз қалауынша, оқушылардың ыңғайына қарай таңдайды).

V. Сабақтың келесі бөлімі «Алпамыс батыр» жыры батыста ма, әлде Орта Азияда туған ба?»- деп аталады.

«Алпамыс» жыры Қорқыт жырларына ғана емес, грек халқының «Одиссея» жырына да ұқсас. Оның айтушысы Гомер болған. «Алпамыс» жырын жинақтап, зерттеп, насихаттаушылар арасында 1956 жылға дейін әртүрлі пікірлер болды. Мәселен, ғалымдар В. М. Жирмунский мен

Х. Зарифов «Алпамыс батыр» жырын Орта Азияда туған деп кеткен. Сонымен қатар зерттеуші Жирмунский «Алпамыс» жыры, Қорқыт жырлары мен гректердің «Одиссея» жырының сюжеттерінен кейбір ұқсастықтарды былай көрсеткен:

«Алпамыс батыр» жырында.

1. Ұлтанқұл Жәдігерге қорлық көрсетіп, Гүлбаршынға үйленбекші болады.

2. «Қорқыт ата кітабында» Төбекөзді өлтірген Бисат батыр туралы жырда Төбекөз дәудің бейнесі суреттелген.

«Одиссея» жырында

1. Жырдың бас кейіпкері Одиссей жауды жеңіп қайтқанда оның әйелі Пенелокаға елдегі 17 батыр таласып, үйленбекші болып жатады. Ұлы Телемах қорлық көреді.

2. «Одиссея» жырында да сол бейне бар, ол Полифем деп аталады.

VII. Сабақты мынадай сұрақтармен қорытындылау тиімді:

1. Қорқыт жырларының тарихынан не білесің?

2. «Қорқыт ата кітабында» қай кездегі және қандай оқиғалар баяндалған?

3. «Алпамыс батыр» және «Байбөрі баласы Бәмсі Байрақ туралы» жырларында қандай ұқсастықтар бар?

4. «Алпамыс» жыры, Қорқыт жырлары және «Одиссеядағы» ұқсастықтардың сыры неде?

5. Сонымен, «Алпамыс батыр» жыры батыста ма әлде Орта Азияда туған ба? Қандай ой түйеміз?

2. Сабақтың тақырыбы: Оғыздардың саяси бірлестіктері. Қыпшақтардың мемлекеттік бірлестігі.

Сабақтың мақсаты:

а) оғыз-қыпшақ ұлысына енген тайпалардың мекен-тұрағы, кәсібі, мәдениеті жайында мағлұмат беру, оқушылардың тарихи біліктілігін арттыру;

VI. Бұл ұқсастықтардың ізі тарихта жатса керек. Тарихи деректерге сүйенсек, біздің дәуірімізге дейінгі VI-V ғасырларда гректер Орта Азияны билеп, сақ тайпаларымен жиі соғысқан. Сол кезеңдерде гректер орта азиялықтардың ертегі, аңыз, әңгімелерін хатқа түсіріп әкеткен. «Алпамыс» жыры, Қорқыт жырларындағы және «Одиссеядағы» ұқсастықтар соған байланысты.

Ал, негізінен, «Алпамыс», Қорқыт жырларындағы жер-су атаулары, адам аттары, халықтардың әдет-ғұрпы, салт-санасы жырлардың Сыр өңіріне қатысты екендігін аңғартады. «Алпамыс» жырының қоңырат руының арасында туғандығы, оның көптеген нұсқаларының Оңтүстік Қазақстан жерінен жазылып алынуы да бұл жырдың Орта Азияға тән екендігінің айғағы.

ә) Оғыз-қыпшақ дәуірінен мирас боп қалған мәдени мұрамыз «Қорқыт ата кітабынан» көрініс тапқан тарихи шындықтан хабардар ету.

Сабақтың тәрбиелік мәні:

а) Қорқыт жырларында суреттелген оғыздардың, әдет-ғұрпын, асыл қағидаларын, моральдық-этикалық пайымдауларын, оғыз батырларының ерлік істерін, ізгі қасиеттерін оқушыларға өнеге тұту.

ә) Қорқыт атаның тарихтағы тұлғасын таныту, нақыл, бата, өсиет сөздерін уағыздау.

Сабақтың көрнекілігі: Мына мазмұндағы схема, кестелерді пайдалану:

1. «Оғыз-қыпшақ ұлысына енген басты тайпалар».
2. «Сыр бойы оғыздарының басты қалалары».
3. «Оғыз батырлары».
4. Өткен ғасырларда өмір кешкен зерттеушілердің, тарихшылардың ғылыми деректерін пайдалану.
5. «Қорқыт ата кітабынан» үзінділер оқу, нақыл сөздер келтіру.
6. Картаны пайдалану

Сабақтың әдісі:

Тарих пен әдебиеттің сабақтастығын танытатын интеграциялық сабақ Мұғалімге нұсқау.

1. Сабақты тарихшы мен әдебиетші бірлесіп өткізе алады. Фольклорлық шығармаларды жете білетін тарихшының бір өзі сабақ берсе, тіпті жақсы.

2. Сабақтан бұрын бірнеше оқушы-ларға арнайы тапсырма беріледі. Олардың әрқайсысы зерттеуші, тарихшылар Махмуд Қашқаридің, Әбілғазының, Рашид - Әддиннің, Якубовскийдің рөлінде сөйлеп, солардың ғылыми деректерін келтіріп отырады.

3. Үш оқушы «Қорқыт ата кітабынан» Қорқыттың оғыз бектері мен батырларына берген бата, нақыл сөздерін айтады.

4. Сынып оқушылары тарихшылар және әдебиетшілер болып екі топқа бөлінеді. Оларға тарих және әдебиет пәндерінің мұғалімдері жетекшілік етеді.

Сабақтың барысы:

1. Жаңа сабақтың тақырыбын атап, мазмұнын ашуды тарих пәнінің маманы бастайды.

VIII-IX ғасырларда бүгінгі Орта Азия мен Қазақстан жерін ежелгі түркі тайпалары мекендеген. Солардың бірі - оғыздар мен қыпшақтар. Алтайдағы Түрік қағанаты ыдыраған соң Сыр бойында ұлыс типіндегі саяси бірлестік құрылады. Оны оғыз-қыпшақ ұлысы деп атаған. Ұлыс дегеніміз - саяси бірлестік немесе тайпалы мемлекет. Ұлыстың құрамына 24 түрлі тайпа енген еді. Солардың басты тайпалары **№ 1 кестеде** көрсетілген (кестемен жұмыс).

Ұлысқа енген тайпалар санын тарихта 24 деп жүрміз. Ал ертеректе өмір сүрген зерттеуші, тарихшылар оғыз-қыпшақ ұлысына енген тайпалардың атауларын жіктеп, сандық құрамын зерттеген, әр түрлі пікірлер айтып кеткен.

Бүгінгі сабағымызда сол зерттеуші, ғалымдарымыздың өзі болмағанмен көзі отыр. Сөз кезегін соларға берелік.

1) XI ғасырда өмір сүрген, түркі тілдерін зерттеуші ғалым, саяхатшы Махмуд Қашқари сөйлейді (М. Қашқаридің рөліндегі оқушы сөйлейді):

Менің зерттеуім бойынша оғыз-қыпшақ ұлысына 22 тайпа енген.

2) XVII ғасырлық тарихшы Әбілғазы не дер екен? (Әбілғазы рөліндегі оқушы сөйлейді):

- Оғыз-қыпшақ мемлекетінің құрамында 32 тайпа болған.

3) Зерттеуші Рашид - Әддин айтсын (Рашид - Әддин рөліндегі оқушы сөйлейді):

- Мен тайпалар санын 24 деп көрсеттім.

4) Зерттеуші Х. Көрұғлы сөйлесін (Х. Көрұғлы рөліндегі оқушы сөйлейді):

- Мен сол тайпалардың XI-XVII ғасырлардағы атауларын Махмуд Қашқаридің, Рашид-Әддиннің, Әбілғазының қалдырып кеткен деректері бойынша жүйелеп, кестесін жасадым.

Мұғалім. Бір ескертетін жәйт, оғыз-қыпшақ ұлысында монғол, славян тайпалары болған емес.

Оғыздар мен қыпшақтардың қонысы туралы әңгіме жалғаса береді. Оғыз тайпалары негізінен Сырдарияның төменгі ағысын мекендеген. Сыр өңірінде оғыздар қыпшақ тайпаларымен аралас-құралас тұрған. Оғыздардың бір бөлігі Қаратау бөктерін, қазіргі Шымкент, Бөген, Шаян, Арыс маңын, **Уғам** жоталарын мекен еткен. Мұнда оғыздар қарлық тайпасымен араласып өмір сүрген. Оғыздардың қонысы жөнінде зерттеуші Якубовский не айтқан екен? (Якубовский рөліндегі оқушы сөйлейді):

- Оғыздардың көпшілігі IX ғасырда Сырдарияның орта және төменгі бойында, Үстірт, Ембі, Жайық маңайында тұрған (Картамен жұмыс).

Сыр бойы оғыздарының мынадай басты қалалары болған (кестемен жұмыс, № 2 кестені қараңыз):

2-кесте

Сыр бойы оғыздарының басты қалалары		
• Отырар	• Сығанақ	• Құмкент
• Сүткент	• Өзгент	• Жанкент
• Сауран	• Жент	• Жаңақала
• Түркістан	• Баршынкент	

Жанкент ұзақ жылдар бойы оғыздар мемлекетінің астанасы болған. Жанкент - Сырдың құярлығындағы ірі қала. Ал Сырдария бойында тұрған қыпшақтардың қалалары Сығанақ, Сауран, Түркістан еді. Оғыз-қыпшақтардың негізгі кәсібі егіншілік, мал бағу және қол өнері.

Сонымен бірге оқытушы төмендегі мәліметтерді де біліп, өз шәкірттеріне шебер ұсына білсе пайдалы болады.

Ұлысқа енген тайпалар Иран мен Қытай елдеріндегідей құлдық қанаудан аман болды, бірақ феодализмге де жетпеген еді. Ұлыста жеке меншікке жол ашылды, меншік теңсіздігінен таптық жіктеулер дүниеге келді. Бірақ тайпалар өз ортасында еркін өмір сүрді. Оғыздар жастарын соғыс өнеріне үйретіп, әскер ұстау дәстүрін дамытты. Соның арқасында көршілес құлдық империялардан-өздерінің қонысын, еркіндігін қорғап отырды. Дегенмен, Сыр бойындағы оғыздар мен қыпшақтар арасында қоныс үшін наразылықтар болып тұрды. X ғасырда оғыздардың саяси бірлестігінің күш қуаты мол, саяси беделі жоғары болды. Әлгідей таластардың әсерінен оғыздар бірте-бірте батысқа қарай ығыса бастады. XI ғасырда қыпшақтардың қатты тегеурініне төтеп бере алмаған оғыздар батысқа қоныс аударды. Алайда олар түгелдей дерлік көшкен жоқ. Қазақстан жерінде қалған оғыздар бірте-бірте қыпшақ, қарлұқ, қаңлы, т. б. түркі тілдес тайпалармен етене араласып, сіңіп кетті. Бертін келе түрікмен, қазақ, өзбек тайпалары сол оғыздардан тарайды.

Саяси бірлестікке енген тайпалардың өмірін терең білу әдебиетшілердің көмегінсіз мүмкін емес.

2. Сабақты әдебиет пәнінің мұғалімі жалғастырады.

Бүгінгі сабақта естіп білген қалалардың, тайпалардың атаулары оғыздар мемлекетінің Сыр бойында құрылғандығын білдіреді, әлгінде айтылған біздің өлкемізге қатысты тарихи шындықты айғақтай түседі. Сол оғыз-қыпшақ дәуірінен қалған «Қорқыт ата кітабы» деген үлкен шығарма

бар. Ол - оғыздардың батырлық жырлары. Онда оғыз-қыпшақ дәуіріндегі соғыстар, оғыз батырларының ерлік істері, оғыздардың тұрмысы, әдет-ғұрыптары баяндалған. Баят руынан шыққан Қорқыт есімді ата оғыздар мен қыпшақтардың ортақ жырауы (ұзаны), данасы, қобызшысы болған. Қорқыт оғыздар заманындағы ірі оқиғаларды көрген, қобызының сарынына қосып жырлаумен өткен. Қорқыттың айтқан жырлары Қазақстан, бүкіл Орта Азия жеріне тарап кеткен. Қорқыт ата кітабында 12 жыр бар. Олар тарихи шындықпен астасып жатады. Жырлардың басты кейіпкерлері салор тайпасынан шыққан оғыздардың бас батыры Қазан Салор, оғыз батырлары - Бәмсі Байрақ, Бисат, Домрул, Ораз, т. б. («Оғыз батырлары» деген № 3 кестені қарап пайдаланыңыз).

Таблица

Оғыз батырлары ар-намысын аяққа таптатпай жоғары ұстаған, елін сүйген.

Оқушыларға сұрақ. Оғыз батырларының ерлігін паш еткен Қорқыт ата батырларға қандай бата беріп, тілек айтқан? (4 оқушы Қорқыттың баталарын мәнерлеп айтып береді).

1. Астыңа мінген ақбоз атың шабысынан танбасын!
2. Қайыспас қара болатыңның жүзі мұқалмасын!
3. Жауға атқан садағың өткір болсын!
3. Алтын шатырларыңды жау алмасын!

Сұрақ. Оғыз-қыпшақтардың мекені Сыр бойы, Қаратау маңайы болғандығын Қорқыт атаның қандай бата, тілектерінен аңғаруға болады? (Оқушылар мысал келтіреді).

1. Сенің туып өскен мына Қаратауың құламасын!
2. Өзіңе кең жайлау болған Қаратау күйремесін!
3. Тасып аққан өзендерің шөлге айналмасын!

Мұғалім. Қорқыт ата өздеріңдей балаларға да өсиет айтып кеткен.

1. Ақылсыз балаға ата дәулетінен қайран жоқ.
2. Ата даңқын шығарып, өзінің тегін қуған балаға ешкім жетпейді.
3. Ұл әкесінің даңқын шығару үшін дүниеге келеді.
4. Қорқыт атаның нақыл, өсиетін әркез есте ұстайық.

Сабақты қорытындылау мақсатында мұғалімі оқушыларға мынадай сұрақтар қояды:

1. Оғыз-қыпшақ ұлысының тайпа-лық құрамы қандай?
2. Олар қандай жерлерді мекен еткен?
3. Қандай кәсіппен айналысқан?
4. «Қорқыт ата кітабында» қай дәуірдегі оқиғалар суреттелген?
5. Қорқыт жырлары алғаш рет қай жерлерде айтылған?
6. Қорқыт ата кім?

Оқушылардың білімі мен белсенділігін бағалау.

«Қорқыт ата кітабы» сабақтан тыс жұмыстарда.

12 жырдан тұратын шығармада тәрбие сағатына, үйірме жұмыстарына, ата-аналарға қажетті материалдар жеткілікті. Оғыздардың батырлық жырларында оғыз-қыпшақ ұлысына енген 24 тайпаның ұрпақ тәрбиесі жөніндегі ой-пікірі, талап-тілегі, салт-дәстүрі көрініс тапқан. Шығармада адамгершіліктің, қайырымдылықтың, адалдық пен ерліктің, тапқырлық пен шешендіктің, ар-ұждан, ұят-иба сақтаудың өнегесі мол. Сондай-ақ оғыздардың тұрмыс-салты, той жасау, құда түсу, үйлену, ұлға ат қою, жоқтау, бата беру, әскер ұстау, қонақ күту дәстүрлері әсем суреттелген. Нақыл сөздер мен шешендік толғаулардың, қобызда ойналатын күйлердің құдіретті әсерін, оғыздар тұрмысында тұтынған үй жиһаздарының (төбесі көкке жететін ақ, ала, қызыл жібек шатырлар, түкті, жібек, қалы кілемдер, көзелер мен әшекейлер), табиғат сұлулығын бейнелейтін көріністердің көркемдік қуаты мол.

Жырларды оқи отырып, бала психикасына әсер етудің халықтық әдістері оғыздар дәуірінде де болғандығын байқаймыз. Мәселен, оғыздар заманында үлкендер тарапынан балаға бақылау жасау әдісі, сөз арқылы баланың көзін жеткізіп, сенімін арттыру және үлкендердің жеке басымен балаға үлгі көрсету әдістері бірқатар жырларда кездесіп отырады. Тәрбиешілер мен ата-аналардың міндеті-түрлі халықтардың ұрпақ тәрбиесі жөніндегі өнегелі тәжірибесінен үйрену, тәрбиелеу әдістерінің озық үлгілерімен қарулану. Қорқыт жырларының патриоттық, эстетикалық тәрбие беруде, әдеп мәдениетіне бейімдеуге қосар үлесі мол. Әрбір жырдағы оғыз батырларының құрметті есімдері мен ерлік істері, тұтынған қару-жарақ түрлері, ұрыстағы әдіс-тәсілдері, батырлардың міндеті мен борышы, анты, оғыздардың ұлға ат қою, әскер ұстау дәстүрі ұл балалар тәрбиесіне негіз болады.

Қорқыттың нақыл сөздері мен шешендік толғаулары баланың тілін ұстартуға, сөз саптау мәдениеті мен шеберлігіне үйретеді. Қорқыттың ата-аналар мен балаларға, әйелдерге арнап айтқан өсиет сөздерінің тағылымы мол. Жыраудың әйелдер туралы айтқан нақыл сөздері- қыз балалар, әйел, аналар үшін қымбат мұра.

Аталған материалдарды үзінді, мысалдар, проблемалық сұрақтар, викториналық ойындар, баяндау және салыстыру әдісі арқылы, рөлдік ойындар түрінде пайдалану қазақ тілі және әдебиеті пәні оқытушысының тәрбиешілік шеберлігіне байланысты.

Демек, әлемге әйгілі Қорқыт жырларының қыры мен сыры, тағылымы осылайша оқу-тәрбие процесіне ендіру арқылы таныла бермек.

III ТАРАУ

Ежелгі дәуір әдебиеті үлгілерінің тәрбиелік мәнін үйрету

Бүгінгі күнде қоғамымыздың кез келген саласы өзі үшін де, елі үшін де өскелең экономикалық және әлеуметтік жауапкершілік жағдайында өмір сүріп, жұмыс істей білетін белсенді, қабілетті, ізденгіш азаматтарды күтуде. Оның үстіне қазіргі кезеңде мамандық атаулының барлығы бейімділікті, ептілікті, ерекше ой қызметін, мол шығармашылық мүмкіндікті, өзін қоршаған түрлі жағдайларға тез икемделіп қана қоймай, оларды керекті бағытына шығармашылықпен бұра білу қабілеттілігін қажет етеді.

Қоғамның дарынды адамдарға деген қажетін қанағаттандыру талабы оқыту, білім беру жүйесінің алдына баланың жеке қабілеті мен әлеуметтік белсенділігінің дамуына жол ашу, шығармашылық тұлға қалыптастыру міндетін қойып отыр.

Осындай шығармашылық қасиетті адам баласының бойында қалыптастыруда сөз өнерінің берері өте көп. Мектепте әдебиет сабағында өнер өкілдері мен оның туындылары қанша шебер насихатталғанмен, егер бала сөз өнерін өзі пір тұтып, сол іспен өзі де сүйіп айналыспаса, оның бойында сезім тазалығын, шынайылығын қалыптастыру, психикасын дамыту, ой, тіл ұтқырлығы, ой мен іс-әрекеттегі жүйелілік, қиял мен сезімнің ұшқырлығы, ерік-жігердің күштілігі тәрізді қабілет-қасиеттерді дарыту мүмкін емес.

Баланы жастайынан жазушылық, шығармашылық өнеріне қалай баулу керек? Оның жолдары, әдіс-тәсілдері, мазмұны қандай? Қазіргі әдебиет пәні методикасының өзекті мәселелерінің бірі осы.

Жоғары сыныптарда оқушылар есейеді, физиологиялық, психикалық жағынан толығу жүреді, ойы, сезімі тереңдейді, философиялық, көркемдік

ойлау мүмкіндігі кеңейеді. Бұл жастағылар лирикалық-публицистикалық шығармаларға, үлкен жанрларға қалам тартуға әуес. Терең ой толғауға, лирикалық көңіл-күйді көбірек суреттеуге, ішкі жандүниенің сырын зерттеуге ұмтылады.

«Сабақ беру – үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол жаңадан жаңаны табатын өнер», - деп Жүсіпбек Аймауытов айтқанындай қазіргі алға ілгерілеген заман болашаққа нық қадам басқан, болашақта еліміздің тұтқасын ұстар ұрпақ қамын ойлау мақсатында оқу үрдісіне жаңаша өзгерістер енгізуді талпа етеді.

Оқушыларға жан-жақты білім беру, интеллектуалдық мүмкіндіктерін, жеке бас ерекшеліктерін дамыту үшін ұстаз оқыту үрдісінде білімді жан-жақтылау қағидасын басшылыққа алу керек. Яғни, мұғалім – озық ой мен шынайы тәжірибенің. Оның негізгі мақсаты – оқушыларға сапалы білім беру, тәрбиелеу.

Ежелгі дәуір мұраларының ұрпақтарға берер тәрбиесі мол. Оны оқыту процесінде мұғалім оқушылар санасына сіндіріп барады.

8-сынып әдебиет оқулығында ежелгі дәуір әдебиет үлгілерінен Ахмет Яссауидің «Хикметтері», Ахмет Югнакидің «Ақиқат сыйы» ж.т.б. құнды еңбектер берілмесе де, осы сияқты құнды мұралардың жастарға берер тәлім-тәрбиелік мұраты орасан. Сондықтан біз бұны төмендегі түрде шеберлікпен өтудің үлгісін беруді жөн көрдік:

Тәрбие сағатының тақырыбы: «Ел мұрасы - өмір ізі»

Білімділігі:

Киелі көне Түркістан шаһарының тарихынан, асыл қазынасы мен салт-дәстүрінен, Қожа Ахмет Яссауи өмірі мен шығармашылығынан мағлұмат беру.

Тәрбиелік мақсаты: Өз ұлтын сүйеге, ұлттық дәстүрді қадірлеуге, бабамыздан қалған асыл мұраларды көзінің қарашығындай сақтай білуге тәрбиелеу

Сабақ түрі: Сұрақ-жауап, шығармашылық сабақ

Көрнекіліктер:

Ахмет Яссауидің суреті, бүктемелер, қанатты сөздер.

Сабақтың барысы: 1. Ұйымдастыру кезең

Кіріспе сөз: Бүгінгі тәрбие сағатының беташарын Мағжан Жұмабаевтың мына өлең жолымен ашқым келіп отыр.

Түркістан- екі дүние есігі зой,

Түркістан- ер түріктің бесігі зой.

Тамаша Түркістандай жерде туған,

Түріктің тәңірі берген несібі зой.

Ертеде Түркістанды Тұран дескен,

Тұранда ер түрігім туып-өскен.

Тұранның тағдыры бар толқымалы,

Басынан көп тамаша күндер өткен..

Тұранның теңіз дерлік көлі де бар

Шалқыған ені – шексіз теңіз Арал.

Бір шеті қасиетті Ыстықкөлдің

Баурында дүние көрген түрік көкжал..

Құрметті ата-аналар, ұстаздар, оқушылар бүгін біз «Ел мұрасы- өмір ізі» атты тәрбие сағатында сіздермен киелі көне Түркістан шаһарының тарихымен, асыл қазынасымен танысатын боламыз.

Түркістан - киелі ұғым, ұлттық рух ұясы. ол түркі тектес халықтардың ғана емес барша мұсылман қауымының екінші Меккесі болып саналады.

Түркістан-түбі бір түркілердің тұмары. Түркістанның тұмары – Ахмет Яссауи және оның кесенесі.

Енді осы қасиетті қаланың тарихына зер салайық.

Дөңгелек столға қатнасушылар:

Тарихшылар, әдебиетшілер, этнографтар. Сөз кезегін тарихшыларға берелік.

Тарихшылар:

- Міржақып Дулатов «Хазірет сұлтан» атты ғылыми мақаланы «Қазақ» газетінде 1913-жылы 16-санында былай деп жазған екен: «XV ғасырдың аяғына шейін Түркістанның аты «Иасы» екен. Кішкене ғана «Иасы» деген қалашық XII ғасырда сол жерге Қожа Ахмет Яссауи хазірет сұлтан келген соң даңқы шыққан.

1166-жылы Яссауи опат болып, онан кейін оның бейітін түрік тұқымы, әсіресе, қазақ халқы әр уақыт зиярат ететін болыпты. Зияратқа әр жерден халық көп келетін болған соң, ол жерде сауда ашылып, кішкене қышлақ бірте-бірте зорайып, шаһарға айналады», - деп М. Дулатов Түркістан қаласының қалай дүниеге келу жайынан осындай зор мәлімет берген.

Мұғалім:

Әрине, сауда-саттық қызу жүрген жерде мәдениетке де, әдебиетке де, ғылымға да үлкен жол ашылмақ. Бүкіл ғұмырын халықтың қазынасын жинауға арнаған, талай-талай асыл қазба байлықтың сан-саласын халық мұражайына тапсырған академик Әлкей Марғұлан Қожа Ахмет жайлы қызықты әңгіме айтады. Сөз кезегін тағы да тарихшыларға берейік.

Тарихшылар:

- «XIV ғасырдың соңында Әмір Темір Әзірет сұлтанның күмбезін жаңадан тұрғызуға кіріскенде, Қаратау мен Сырдария қазақтары жиналып келіп, қирап жатқан күмбезді мыңдаған түйемен қоршап алады да Темірдің кісілеріне былай дейді: «Сайып қыранға барып айтыңдар, күмбезді ең алдымен

Зәңгі атаның басына тұрғызсын. Ол Қожа Ахметені көп заман бұрын өткен данышпан, өзі бақташы, сиырды топ-тобымен молайтып, халыққа қуаныш берген ойшыл кісі. Ол әр уақыт сиырдың соңынан еріп, күнге күйіп, бет-ауызы қап-қара болып, сиыр баққан кісі. Соған орай күмбезді ең алдымен ұмытылып бара жатқан Зәңгі атаның басына тұрғызып, содан кейін Әзіретті көтеріңдер!» - деген екен.

Этнографтар:

-Тарихшылар сөзін мен әрі қарай толықтырсам. Әмір Темір, әрине, халықтың ұйғарғанына қарсы болмайды, күмбезді алдымен Зәңгі атаға тұрғызып, содан кейін Әзіретке ауысады. Зәңгі атаның күмбезі осы күнге дейін сақталған. Ол-Қазығұрт тауының оңтүстігінде Ташкентке таяу жерде тұр. Ал, ел аузында алдымен күмбез Арыстанбабқа салыныпты деген де жорамал бар.

Қалай десек те мұнда жасы үлкенге және ұстазға деген ізет-құрмет байқалатындай.

Әдебиетшілер:

-Арыстанбаб жайлы мен де қысқаша мәлімет бере кетсем.

Ахметтің тұңғыш ұстазы шайқы Арыстанбаб болған. Мұхаммед Пайғамбар 63 жасында дүниеден өткен. Сонда, қайтар алдындағы соңғы аманатын осы Арыстанбаб шайқының арғы атасына тапсырған екен. Сонда 500 жыл өткесін далада келе жатқан Арыстанбаб 11 жасар баланы жолықтырады: «Ақсақал, аманатымды беріңіз», - дейді бала. Сол бала осы Ахмет екен. Соннан Ахмет Яссауи Мұхамедтен кейінгі екінші әулие, ал Түркістан қаласы кіші Мекке атанады. Қожа Ахмет бабаның барлық өмірі аңыз әңгімеге толы. Қожа Ахмет жарық дүниеде 63 жыл жасағаннан кейін: «Мен Мұхаммед пайғамбардан артық өмір сүрмеймін», - деп қылуатке түсіпті. Қылуат деген не нәрсе десеніз, бұл «өзекті жанға бір өлім» деген пенденің көзінің тірісінде өлімді шын мойындауы екен.

Мұғалім:

Ал, ғажайып құбылысты тереңірек түсіну үшін О. Дастановтың «Қылуат» атты өлеңінен үзінді оқып берейін.

Жаңылмасам жер астында қырықтан астам бөлме бар,

Әр бөлмесі әркімдікі, әрленбеген бәрі тар.

Кабырғасын сазі балшықтан сына қағып ққалаған,

Сонда да бұл жер төлені киеліге балаған.

Тек орталық хужрені қылуат депатаған.

Ұлы жан көзінің тірісінде салдырған «құлшылық үйін» қасиетті деп санаған. Өмірінде бір рет те тоя тамақ ішпеген, жарқырап киім кимеген, адам баласын ренжітуді білмеген аса текті жан болған.

Мұғалім:

Тарихымыздың алты ғасырына куә Қожа Ахмет Яссауи ғимаратының тағдыр талайына тоқталайық. Сөз кезегі этнографтарға беріледі.

Этнографтар:

- Қожа Ахмет бабамыз: «Ісің, жолың, жаның, көңілің, пейілің таза болса, маған жыла, дұшпанға есеңді жібермеймін, қорғаушың боламын», - депті бір хикметінде.

Халқы қадір тұтқан ақын рухына Әмір Темір де бас иген.

Ол 1395-жылы Ахмет Яссауи мекенінің басына алып ғимарат тұрғызуға бұйрық береді.

Әмір Темір әмірі бойынша бұл ғимаратқа сай келер ешқандай құрылыс болмауы керектігі және оның жобасын әмірдің өзі белгілеп берген.

Архитектуралық құрылысы жағынан Яссауи кесенесіне тең келетіп Орта Азияда ешқандай құрылыс жоқ. Зәулім ескерткіштің әшекей тастарының астына жазып кеткен жазуларды оқысақ, зергерлердің атын білеміз. Ою-өрнектерді салған Шираздан келген Хассан қажы деген кісі, ал кесененің бас зергері Абд-ал Вахаб болған.

Тарихшылар:

- Әмір Темірдің әмірімен құрылыс 1396-жылы басталған. Құрылысқа арналған кірпіш Түркістаннан 40 шақырым жердегі көне Сауран қаласында құйылып, Иассыға көлмен тасылып жеткізілген. Бірақ, өкінішке орай, құрылыс толығымен аяқталмай қалды. 1404-жылы шеберлер әмірдің бұйрығымен Самарқанға шақырылып, Бибі ханым мешітін қайта салуға жұмылдырады. 1405-жылы Әмір Темір қайтыс болып, бұл ой іске аспай қалады. Құрылыс тек 1589-жылы Бұхар ханы Абдулла-ІІ Түркістанды алғаннан кейін ғана жалғастырылған.

Мұғалім:

XI ғасырдың аяғынан бастап, Түркістан қазақ хандығының орталығына айналды. Бұл кезеңдерде ғимарат хан ордасы болды. Ғимарат қазақ мемлекетінің тарихына куә болды. Сондықтан халқымыздың әзиз ұлдары осында жерленген: Есім, Тәуке, Абылай хан, атақты қаз дауысты Қазыбек би, батыр Мамай, Ұлықбектің қызы Рабиға сұлтан бегім секілді тарихта есімі белгілі адамдардың құлыптасы бар.

Тарихшылар:

- Кесене 35 бөлмеден және негізгі 8 бөліктен тұрады. Бөлмелер әр түрлі мақсатқа арналған.

Мысалы қабірхана, жамиғатхана (қазандық), асхана, кітапхана, үлкен ақсарай, кіші ақсарай, кіші мешіт, құдықхана бөлмелері бар,

Қазандық күмбезі - Орта Азия мен Қазақстан территориясындағы ең үлкен күмбез. Оның диаметрі - 18 метр 20 см. биіктігі ішінен - 39, ал сыртынан – 41 метр. Кейбір зерттеушілердің пікірінше, осы үлкен күмбездің сыртындағы әшекей күмбезі салынбай қалған.

Мұғалім:

Ахмет Яссауи - әулиелердің әулиесі, пайғамбардың өзіне тең әулие, оның таң алдында айтқан азаны Түркістан мен Меккеге бірдей естіледі екен.

Тәңірінің өзіне ғашық болған қасиетті ақынның өмірінен шағын мәлімет тыңдап көрейік.

Әдебиетшілер:

Ахмет Яссауи Сайрам шаһарында 1103 - жылы дүниеге келеді. Тегі-жергілікті түркі тайпаларының бірі. Бажшылық кәсіппен күнелткен әкесі - Ифтихар баласы Махмұдтың ұлы Ибрахим сол Сайрам шаһарында жерленеді.

Ахметтің шешесі-Қарашаш ананың да бейіті осы қалада. Ахметтің тұңғыш рухани ұстазы әрі тәрбиешісі атақты шайқы Арыстанбаб болған, ол дүние салғаннан кейін Ахмет Бұқараға келіп, атақты шайқы Қожа Юсуф Хамаданидан софылық ілім жайлы дәріс алалы.

Мұғалім:

- Өз заманында кеңінен әйгілі болған Ахмет Яссауидің «Диуани хикмет» атты ұлы шығармасы бірнеше тілдерге аударылған.

Енді бір сәт Яссауи ғазалдарынан үзінді тыңдап көрейік. (Оқушылар өлеңді қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде оқиды). 1-оқушы. Қазақ тілінде:

*Жеті жаста Арыстанбаб келді маған,
Хақ Мұстафа аманатын берді маған.
Сол сәтінде-ақ көңілім тауып баян,
Нәпсім өліп, Тәңірі жолына түстім мен де.*

*Құрма беріп, мейірлене назар салды,
Сол заматта кеудемде бір шырақ жанды.
Еркелете шақырып қасына алды,
Мектеп барып, бек қуанып тұрдым мен де.*

Мұғалім:

Өз уағыздарында Яссауи адамдарды ізгілікті болуға, байлыққа құмар болмауға шақырады, әділеттілікті жақтайды.

Ежелгі Түркістанның тарихына 1989-жылдың 18-қыркүйегі айтулы күн болып жазылды.

Ленинградтан (Санкт-Петербург) тай қазан әкелініп қазандық бөлмесіндегі құтты орнына қайта қойылды. Қазынның қайта оралуы, құтты орнына қондырылуы оңайға түскен жоқ. Енді тайқазанның тағдыр-талайына келейік.

Этнографтар:

- Ахмет Яссауи ғимаратына арнап 1399-жылы Әмір Темір әмірімен Қарнақ деген жерде табриздік шебер Әбділ - Әзиз Шарафуддин баласы тайқазан, алты шырағдан, екі есік шығатын жеті металл қоспасынан құйған. Темір, мырыш, қорғасын, мыс, күміс, алтын тағы басқа металл қосындыларынан жасаған. Алып қазанға 60 шелек су сияды, салмағы екі тонна, диаметрі 2,45 м. биіктігі 162 см. Оған толтырылған судан жұма намаздан соң қасиетті су ретінде мұсылмандар дәм татқан.

Мұғалім:

- Халыққа жұмбақ болып келген қола қазанның жақтауындағы жазуды алғаш рет орысшаға аударған академик Массон болды. Енді сол жазулармен танысайық.

Этнографтар:

1-жазу. «Кім құдіретті күшті құдай суы үшін ыдыс қойса, құдіретті күшті құдай сол жанға жұмақта хауыз орнатар».

2-жазу. «Құдіреттің қалауымен патша болып тағайындалған әмірші Темір бұл ыдысты жасауға жарлық еткен.

3-жазу. «Бұл ыдысты құдайға құлшылық етіп Әбділ-Әзиз шебер жасаған».

Мұғалім:

1935 - жылға дейін музейдің ең бағалы бұйымы саналған тайқазан Ленинградқа қалай барып қалған?

Бұл туралы мәліметті тарихшылар айтып берсін, тыңдап көрейік.

Тарихшы:

1931 – жылы Лондонда Иран өнері жөнінде 2-халықаралық конгресс өтіп, оның келесі үшінші конгресі мемлекеттік эрмитаж базасында ұйымдастырылатын болып, 1935-жылдың қыркүйегінде арнайы ашылатын көрмені ұйымдастыру комитеті өтініш айтып, Қазақстан үкіметінің рұқсатымен тайқазан мен екі қола шырағдан Ресейге сапар шекті.

Уақытша апарылған қазына эрмижада, төменгі қабатындағы № 48 жартылай дөңгелек залда 54 жыл тұрды.

Мұғалім:

Ленинградтан Түркістанға дейінгі 5800 шақырымдық жолды тайқазан артқан жүк машинасымен қос жүргізуші кезек ұйықтасып, демалыссыз жүріп, алты күнде басып өтті.

Түркістан тұрғындары тайқазанды келін түсіргендей мәре-сәре болып әжелер шашу шашып қасиетті қазанға тәубе етті. Сол жерде халыққа Мемлекеттік Эрмитаж директоры, академик Б.Б. Петровскийдің хаты оқылды. Бұл хатта не деп жазылды екен, соған назар аударайық.

Этнографтар:

«Мемлекеттік Эрмитаж ыстық ықыласпен Ахмет Яссауи мешітінің тайқазанын өз орнына қайтарады. Біз оны 54 жыл сақтадық. Ленинград қоршаудағы қиын күндерде сақтадық.

Тайқазанды халықтық мәдени ұлы мұра ретінде қорғаңыздар», - делінген.

Мұғалім:

Ал, балалар бүгінгі тәрбие сағатының тақырыбын неліктен «Ел мұрасы- өмір ізі» деп алып отырмыз, қалай ойлайсындар?

Мына бір жолдарға тағы да назарларыңызды аударғым келіп отыр.

«Қазақстанның тұмары - Түркістан, ал Түркістанның тұмары – Ахмет Яссауи кесенесі мен тайқазан.

Көлемі шағын, бірақ мағынасы терең осы жолдар бүгінгі тәрбие сағатының лейтмотиві десе болады. Елбасы айтқандай: «Біз тегіміз-түрік, дініміз-ислам екенін ұмытпауымыз керек. Ол үшін Қасиетті кітап - Құран Кәрімді насихаттауды естен шығармауға тиіспіз», - деген жолдары ұрпағымыздың өз еліне, дініне, діліне деген патриоттық сезімін оятары хақ Алла панамыз, Қожа Ахмет баба қорғаушымыз болса, еліміз көгерер, көркейер деген тамаша жолдармен тәрбие сағатымызды аяқтаймыз.

Әрине, мұндай тәрбие сағатын «галерея», саяхат сабағы үлгісінде «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырын өткенде де олардың қабіріне қойылған естелігіне арнайы саяхат жүргізбегенмен фото көрме арқылы өтуге болады.

Қорытынды

Орталық Азия мен Қазақстан аймағында жасаушы басқа халықтар сияқты, қазақ халқының да өзіне тән тарихи басынан кешкен кезеңдері, өрлеу сатылары, әрбір дәуірге лайық мәдени мұрасы, асыл өнері бар. Осындай өнер саласы - көркем әдебиет. Әдебиет – халықпен үнемі бірге жасайды. Ол адам санасының балалық шағынан бері қарай сатылап жетіліп, өмір көшінде дамылсыз дамып, келешек ұрпаққа рухани нәр береді. Адамға дүние есігін ашатын да, оның көзі жұмылғанда ақырғы, келмес сапарға шығарып салатын да сол поэзия, өлең демей ме, кемеңгер ақын Абай. Поэзия – адамның жан серігі, жүрек қуаты, дертіне ем, бойына дем берер рухани күш. Демек, қай ел, қандай халық болса да - өзінің жасаған дәуірінде әдебиетсіз, поэзиясыз, өнерсіз өмір сүрген емес. Адам баласының тарихында ою, өрнек, сурет, жазу мәдениетінің пайда болуы үлкен құбылыс болса, әдебиеттің нағыз шынайы туындыларының тууы да халық санасының дамуындағы ілгері басқан бір адым. Ақыл-ойдың кемелдене түсуі жолындағы, көркем туындылардың, бейнелі ойлардың бой көрсетуі қарсаңындағы жарасымдылық. Әрине, жазба шығармалардың пайда болуына дейін адам баласы талай дәуірлерді басынан кешті. Әрбір ұрпаққа атадан мирас болып қалған мәдениеттің қоламта ұшқынын үрлеп, оны жалындатқанша күш жұмсады. Алғашқы жазба туындылар да халықтың ауыз әдебиетінің үлгілерінен нәр ала, оның көркемдік жетіскендіктерін игере келе пайда болды.

Қазақ әдебиеті тарихының ең алғашқы бастау көзі болған ежелгі дәуір әдебиеті үлгілерін танып-білуде жоғарыда айтылған пікірлер ауадай қажет.

Біз жоғарыда ежелгі дәуір әдебиеті үлгілерін орта мектепте оқыту мәселесін таңдаған себебімізді, оның ақутальдығын сөз еткенде жоғалғанымыз табылып, өшкеніміз қайта маздап жаңа тәуелсіз заманға қол жеткізген кезеңде ежелгі дәуір әдебиеті үлгілерін ұрпақ санасына сіндіру

бүгінгі заман талабының бірінші кезектегі мәселесі екенін айттық. Сонымен бірге ежелгі дәуір әдебиеті үлгілері жайлы қазақ әдебиеттануында ғылыми еңбектер, зерттеулер жасалғанымен кеңестік кертартпа заманда біржақты пікірлер айтылғанын, оны орта мектепте оқыту мәселесі тек тәуелсіздікке қол жеткізген жылдардан бері қарай қолға алынғанын сөз еткен болатынбыз.

Біз бітіру мамандық жұмысымыздың негізгі күретамыры етіп белгіленген жоспар негізінде ежелгі дәуір әдебиеті үлгілерін орта мектепте оқытудың тиімді жолдарын, 8–сыныпта «Қорқыт ата» жырларын «Алпамыс батыр» жырымен салыстырмалы түрде оқытуды, орта мектеп оқушыларына ежелгі дәуір әдебиеті үлгілерінің тәрбиелік мәнін үйрету тәрізді келелі мәселелер төңірегінде ғылыми жұмыс алып бардық.

Ежелгі дәуір әдебиеті үлгілерінен 5-сынып әдебиет оқулығында «Асыл мұра» айдарымен берілген Жүсіп Баласағұнидің «Құтты білік» кітабынан «Білім – қазына екендігі туралы», «Ақыл, білім туралы», атты үзінділер, сондай-ақ, Кайковустың «Қабуснама» шығармасынан «Ақылың болса - өнер үйрен», «Ата-ананы құрметтеу туралы», «Аманатқа қиянат қылу – ерлік емес» атты үзінділер туралы ұлағатты, тәлім-тәрбиелік мәселелерді 5-сынып оқушыларының жас ерекшеліктерін еске ала отырып, шебер насихаттау, баланың бойында сезім тазалығын, шынайылығын қалыптастыру, психикасын дамыту, ой, тіл ұтқырлығы, ой мен іс-әрекеттегі жүйелілігі, қиял мен сезімнің ұшқырлығы, ерік-жігердің күштілігі тәрізді қабілет-қасиеттерді дарыту мақсаты көзделіп, оқытудың тиімді жақтарын сөз еттік.

Ал, 8 - сынып әдебиет оқулығында «Ежелгі дәуір әдебиеті» айдарымен «Тасқа жазылған дастандардан» «Күлтегін» жыры, «Қорқыт ата туралы ақиқат пен аңыз», «Қорқыттың нақыл сөздері», «Қорқыт ата кітабынан» үзінді ретінде «Төбекөз дәуді өлтірген Бисат туралы жыр», сондай-ақ Әбу

Насыр әл-Фарабидің өлеңдері, Махмұд Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрік» түсіндірме сөздігінен «Жаз бен қыс айтысы», Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» шығармасынан «Тіл өнерінің қасиет-сипаты туралы», «Білім, ақылдың пайдасы туралы» сияқты көркем мәтінді үзінділер туралы методикалық пікірлер, әдістемелік нұсқаулар жасадық.

Сайып келгенде, бүгінгі күн қоғамымыздың кез келген саласы өскелең экономикалық және әлеуметтік жауапкершілік жағдайында өмір сүріп, жұмыс істей білетін белсенді, қабілетті, ізденгіш азаматтарды күтуде. Оның үстіне қазіргі кезеңде мамандық атаулының барлығы бейімділікті, ептілікті, ерекше ой қызметін, мол шығармашылық мүмкіндікті, өзін қоршаған түрлі жағдайларға тез икемделіп қана қоймай, оларды керекті бағытына шығармашылықпен бұра білу қабілеттілігін қажет етеді.

Қоғамның өз кәсібін жетік меңгерген мамандарға деген қажетін қанағаттандыру талабы оқыту, білім беру жүйесінің алдына баланың жеке қабілеті мен әлеуметтік белсенділігін қалыптастыру міндетін қойып отыр. Бұл мақсатты іске асыруда әдебиетші-мұғалім әдістемелік тұрғыдан саналы қатнас жасаса, ежелгі дәуір әдебиеті үлгілерін тәуелсіз заманда жасап жатырған ұрпақ санасына сіндіру арқылы жастардың бабалар тарихын ұғынуына, өздігін тануына, әлеуметтік белсенділігін қалыптастыруына өзінің үлесін қосқан болар еді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Каримов И.А., «Ўзбекистон мустақилликка эришиш остонасида», Ташкент «Ўқитувчи» 2012 ж.
2. Абдувалидов Е. ж.т.б. «Әдебиет» 8-сынып оқулық, Ташкент «Өзбекстан», 2011 ж.
3. «Ақиқат» журналы № 7, 2009 ж.
4. Дербісалин Ә., «Әдебиет туралы толғаныстар», Алматы «Ғылым» 1990ж.
5. Дүйсенбаев Ы., «Эпос және ақындар мұрасы», Алматы «Ғылым» 1987 ж.
6. Дүйсенбаев Ы., «Ғасырлар сыры», Алматы «Жазушы» 1970 ж.
7. Естеміров М., «Әбу Насыр әл-Фарабидің өсиеттері» Шымкент «Алтын алқа» 2009 ж.
8. Жолдасбеков М., «Асыл арналар» Алматы «Жазушы» 1990 ж.
9. Кәкішев Т. «Дәуір дидары», Алматы «Жазушы» 1985 ж.
10. Қабдолов З. «Сөз өнері», Алматы «Санат» 2007 ж.
11. Қабдолов З. «Арна», Алматы «Жазушы» 1988 ж.
12. Қирабаев С. «Зерделілік айнасы», Алматы «Жазушы» 1988 ж.
13. Қирабаев С. «Әдебиеттің ақтаңдақ беттері», Алматы «Білім», 1995 ж.
14. Қирабаев С. «Талантқа құрмет». Алматы «Жазушы» 1988 ж.
15. «Қазақстан мұғалімі» журналы № 2, 1986 ж.
16. «Қазақстан мұғалімі» журналы № 9, 1991 ж.
17. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы № 7-9, 1992 ж.
18. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы № 2, 1994 ж.
19. Майтанов Б. «Қаһарманның рухани әлемі». Алматы «Жазушы» 1987 ж.
20. Ред. алқасы «Педагогика», Алматы «Дарын», 2004 ж.
21. Сүйінішәлиев Х. «Қазақ әдебиеті тарихы», Алматы «Санат» 2006 ж.
22. Сүйінішәлиев Х. «XIX ғасыр әдебиеті». Алматы 1992 ж.
23. Сүйінішәлиев Х. Қазақ әдебиеті тарихы. XVIII-XIX ғ. Алматы 1981.
24. Сейданов Қ., ж.т.б. «Әдебиет» 5-сынып оқулық Ташкент «Шарқ», 2011 ж.
25. [http: //www. ZiyоNET.uz](http://www.ZiyoNET.uz)
26. www.alis-nuu.fk порталы

МАЗМҰНЫ

Автордың аннотациясы _____ 2-3

Кіріспе _____ 4-13

I ТАРАУ

Орта мектепте ежелгі дәуір әдебиеті үлгілерін оқытудың
тиімді жолдары _____ 14-34

II ТАРАУ

8 – сыныпта «Қорқыт ата» жырларын «Алпамыс батыр»
жырымен салыстыра оқыту _____ 35-47

III ТАРАУ

Ежелгі дәуір әдебиеті үлгілерінің тәрбиелік мәнін үйрету ____ 48-58

Қорытынды _____ 59-61

Пайдаланылған әдебиеттер _____ 62